Сыр бойы

№113 (20187)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27 шілде, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Газ өңдеу қуаты артады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Эни С.п.А.» компаниясының Атқарушы директоры Клаудио Дескальциді қабылдады.

Кездесу барысында Қашаған және Қарашығанақ ірі мұнай-газ жобаларының жүзеге асырылуы жөніндегі жоспар қарастырылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа жалғасып жатқан пандемия жағдайына қарамастан, Қашағандағы қазіргі жобалардың іске асырылу қарқыны сақталып отырғаны туралы баяндалды.

Клаудио Дескальцидің айтуынша, мұнай өндіру ісін арттыру жөнінде бірқатар маңызды инвестициялық шешім қабылданған. Консорциум Қашаған кен орнын толыққанды игерудің тұжырымдамасын әзірлеп жатыр. Сондай-ақ газ өңдеу қуатын күшейту жұмыстары жалғасуда.

Мемлекет басшысы энергетикалық бағыттағы инвестициялық жобаларды одан әрі жүзеге асыруға Қазақстанның баса мән беретінін айтты. Осы ретте, Президент отандық өнім үлесінің жоғары болуын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды. Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында жер қойнауын игеру, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және жасыл энергетика саласындағы жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

Астрахан облысының губернаторын қабылдады

Қазақстан Президенті Ресейдің Астрахан облысының губернаторы Игорь Бабушкинді қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы стратегиялық және одақтастық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын және екі ел өңірлерінің ықпалдастығы кеңейе түскенін атап өтті. Осы ретте Өңіраралық ынтымақтастық форумы тиімді диалог алаңына айналып отыр.

Қазіргі уақытта Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қазақстанның өзге де облыстары Астрахан облысымен көптеген бағыт бойынша өзара тиімді кооперацияны жүзеге асыруда. Экономикалық белсенділіктің жаңғыруына орай шекара маңындағы сауда қарқыны біртіндеп қайта қалпына келіп жатқаны байқалады. Қазақстан мен Астрахан облысының арасын негізгі байланыстырушы ретінде Ресей бойынша ең көп тұратын сол жердегі қазақ диаспорасы маңызды рөл атқарып отыр.

Президент Астрахан қазақтарының тарихи отанымен рухани байланыстарын нығайтуына, ата-бабаларының тілі мен мәдениетін сақтауына жан-жақты қолдау көрсетіп жатқаны үшін Игорь Бабушкинге ризашылығын білдірді. Қазақ халқының Бөкей хан, Құрманғазы, Дина Нұрпейісова және басқа да ұлы перзенттерінің есімін Астрахан жерінде ұлықтап келе жатқаны үшін аймақ әкімшілігі мен тұрғындарына алғыс айтты.

САЙЛАУ – 2021

Демократиялық даму жолындағы маңызды қадам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтырғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу қажеттігі айтылған еді. Өткен жексенбіде бұл науқанның шешуші сәті өткізілді.

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Алғаш рет тәжірибеге енгізілген саяси науқанда республика бойынша 730 аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ тұрғындары жергілікті сайлау учаскелеріне келіп, өздерінің конституциялық құқығын іске асырды. Әкімдікке кандидат болып тіркелген 2297 үміткердің 1419-ы немесе 61,8 проценті өзін-өзі ұсынған, ал 878-і – еліміздегі барлық 6 саяси партия ұсынған азаматтар. Ал облыс бойынша 122 үміткер ішінен 40 округтің барлығында әкімдер сайланды. Оның ішінде «Nur Otan» партиясынан – 30, «Ауыл» ХДПП – 2, «ADAL» ПП – 2, Қазақстан халық партиясы – 1 адам, өзін-өзі ұсыну бойынша – 5 адам.

Кез келген сайлау – қоғамды ілгері жылжыту әрі қордаланған мәселелер жиынтығын шешуге бағытталады. Ауыл әкімдерін сайлаудағы жаңашылдық тұрғындардың өз ұсынысы мен қиындықтарын айтуға, сайлау арқылы жергілікті деңгейде билікке деген сенімін арттыруға, аймақтық саяси элитаның жаңаруына мүмкіндік береді.

Елімізде өткен сайлаудың өңіріміздегі қорытындысын жариялаған облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев саяси шараға халықтың келуі әр ауданда түрліше өрбігенін айтты. Мәселен, Арал ауданының Құланды ауылдық округінің халқы 99,9 процент белсенділік танытса, Жаңақорған ауданының «Келінтөбе» ауылының тұрғындары 54,2 процент қатысқан. Сонымен бірге, заң бұзушылық болмаған, арыз-шағымдар тіркелмеген.

Сайланған ауыл әкімдерінің құрамына келер болсақ, олардың 10-ы – мемлекеттік қызметші, 22-сі – сол ауылдық округте қызмет атқарып жүрген әкім, 5-уі – бюджеттік сала қызметкері, 3-уі – уақытша жұмыссыз азамат. Бағы мен бабы қатар шапқан әкімдердің ішінде бір нәзікжанды бар. Ол – Қармақшы ауданының «Ақай» ауылынан сайланған Эльмира Қазиева.

Жасы да, жасамысы да бар су жаңа ауыл әкімдерінің ішінде 10 инженер, 9 экономист, 7 педагог, 3 заңгер, 3 ауыл шаруашылығы маманы, 1 дәрігер болса, 7-і басқа мамандық иесі. Ең жас әкім 27 жастағы Арал ауданының «Құланды» ауылдық округінен түскен Заманбек Ердіқалықов болса, ең үлкені 62 жастағы Нәби Үргенішбай Қазалы ауданының «Өркендеу» ауылдық округінен сайланды. Барлық сайланғандардың 32-сі сол ауылдық округтен, 7-уі сол ауданның және 1-уі облыс орталығының тұрғыны.

2-бет

TOKYO 2020

Әзірге үш қола

жерлестер қашан сынға түседі?

Адамзат баласы асыға күткен Токио Олимпиадасы төрге озды. Айтулы аламанның 2020 жылдың жазында өтуі жоспарланған еді. Күллі әлемді дүрбелеңге салған қатерлі індет салдарынан беделді бәсеке бір жылға кейінге шегерілді. Биыл да өтуі күмән туғызған еді. Десе де, барша жұрт тәуекелге бел буып, дүбірлі доданы ұйымдастыруға оң шешім қабылдады. Жарыс барысында барлық санитарлық талаптар қатаң қадағаланады.

Sb Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Өткен аптаның жұмасында дүние жүзіндегі барша жанкүйерлер Олимпиаданың ашылу салтанатын тамашалады. Әлемнің әр қиырынан келген саңлақтармен бірге қазақстандық спортшылар Олимпиада шеруінде жүріп өтті. Биыл еліміздің туын ұстап шығу мәртебесіне қызылордалық боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен Шығыс Қазақстан облысының атынан сынға түсіп жүрген Ольга Рыпакова ие болды. Әлемдік дизайнерлер Қазақстан Ұлттық құрамасының киімін жоғары бағалап, оң бағасын берді. Қамшыбек пен Ольганың да үстіне киген киімдері ұлттық ою-өрнекпен кестеленіп, көрерменді өзіне ерекше баурай білді. Жер шарының түкпір-түкпіріндегі жанкүйерлер Ольганың киген киімі мен көрікті келбеті бір-бірімен үйлесім тауып тұрғаны жөнінде ой-пікірін білдірді.

Жарыстың ашылу салтанаты өткен күннен кейін спортшылар бірден-ақ жарыс көрігін қыздыра түсті. Ашығын айтайық, қазақстандық жанкүйерлер дзюдошы Елдос Сметовтің сайысына назар аударды. Талай дүбірлі додада татами төрінде жеңімпаз атанған жампоз балуан бұл жолы да барын салды.

12-бет

СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ?

Тегіміздегі «тәуелділік жалғауы»

Еліміздің Тәуелсіздік алғанына биыл 30 жыл. Ұлттық мүдде, азаматтық ұстанымдарымызды қалыптастыруда бұл аз уақыт емес. Рас, әлем алдында тарихи-мәдени әлеуетімізді танытуда біршама қажетті қадам жасалды. Дегенмен, әлі де қиыны келіспей жатқан мәселелердің бар екенін жасыруға болмас. Соның ең маңыздысы – ана тіліміздің тұғырына қона алмай тұрғаны...

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Негізінде, үлкен іс кішкене қадамнан басталады емес пе?! Айтпағымыз, осындай елдік мәселеге келгенде «менің қолымда тұрған не бар?» деген енжар пікірден арылып, тым болмаса көзқарасымызды ашық таныта білсек, артық емес. Қоғамдық орындарда жүргенде, құжаттар рәсімдеуде, сол сияқты, электронды қызметтерді пайдалану барысында баршамыз мемлекеттік тілді қолданып, бауырластарға да соны ескерте жүрсек, бұл – біздің ана тіліміздің мәртебесін көтеруге қосқан тамшыдай үлесіміз болар еді. Бүгінгі қозғап отырған тақырыбымыз да осыған саяды. Бұл – атыжөніміздегі орыс үлгісімен жалғанған «ов», «ев» жалғауы. Кеңес өкіметінің құрамында болған кезде жаппай осы үлгіде құжаттандық. Басқа амалымыз да болмады. Дегенмен, отыз жылдан бері тегіміздегі «тәуелділіктен» арылып, қазақшалауға келгенде ниетіміз болғанмен, құнт жоқ. Сондықтан бұл мәселе әлі күнге басы ашық күйінде қалып отыр.

12-бет

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

Жанармай төңірегінде не түюге болады?

Әдетте сарапшылар Қазақстан ішкі нарықтағы бензин бағасын өзі-ақ қалыптастыра алады әрі елді арзан отынмен қамтамасыз етуге қабілетті дегенді айтады. Бірақ бұл – айтуға оңай, шешілуі қиын түйін.

Sb Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Айталық, соңғы үш жылда мұнай бағасы айтарлықтай өзгерді. Бірақ нарықта өзгеріс жоқ. Жанармай бағасы тұрақты түрде өсумен келеді. Зерттеулерге сүйенсек, мұнай өндіруші компаниялар ішкі нарыққа «қара алтынның» 30-50 процентін өзіндік құны бойынша, яғни бір баррельді 25-30 долларға жеткізеді. Ал бензиннің бөлшек саудадағы құны оның мұнай өңдеу зауытындағы көтерме бағасына байланысты қалыптасады. Бұл жерде зауыттан жанар-жағармай құю стансасына жеткізуге дейінгі шығындар толық ескеріледі. Аталған шығындарға өнімді мұнай базасында сақтау, операциялық шығыстар, салықтар, банктік қызмет көрсету, қосылған құн салығы, жұмысшылардың еңбекақысы, алыс-беріс маржасы жатады. Бұл ретте баға белгілеудегі мұнайдың үлесі бар-жоғы 11-14% ғана құрайды. Ал жанар-жағармай құю стансаларының маржасы немесе таза пайдасы литріне небәрі 1-3 теңгеге зорға жетеді. Цифрлар жақсы сөйлейді, барлығы тап-тамаша, алайда өмірде керісінше.

Бірақ бізде қызық жағдай қалыптасқан. Мысал үшін айталық, мамыр-шілде айларынан бері жанармай бағасы тоқтаусыз өсіп келеді. Сарапшылардың түсіндіруі бойынша бағаның көтерілу «аргументі» бұлыңғыр. Әйтеуір быламық бірдеңе. Егер біз экономика заңдылығына сүйенетін болсақ, кез-келген тауардың бағасын сұраныс пен ұсыныс айқындайды. Бірақ бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіп бойынша жанармай олардың қатарына кірмейді. Енді біршама талдау жасап көрейік.

2-бет

Демократиялық даму жолындағы маңызды қадам

Кандидаттардың ең көп дауыс жинағаны «Бекбауыл» ауылдық округінен сайланған Мейірбек Сұлтанов сайлаушылардың 98,1% қолдауына ие болған. Дауыс берудің ең төмен айырмашылығы Шиелі ауданының «Жуантөбе» ауылдық округіндегі кандидаттардың арасында тіркеліпті. Осы ауылдық округтен түскен Бақытжан Терлікбаев 12 дауыспен Әділбек Бегайдаровтан басым болыпты.

Комиссия төрағасының орынбасары Болат Нақыповтың айтуынша, ауылдық округ әкімдерінің сайлауларын жарамсыз деп тануға немесе қайта сайлау өткізуге негіз болған жоқ. Берілген бюллетеньдердің ішінде «Барлығына қарсымын» деп дауыс бергендердің ең көбі Арал ауданының «Райым» ауылдық округінде тіркелген, берілген 683 бюллетеннің 158-і немесе 23,1%-і. Сайлау комиссияларының іс-әрекетіне қатысты жоғары тұрған сайлау комиссияларына немесе сотқа жолданған шағымдар тіркелмеді.

1-бет



Халықтың көптен күткен сайлауы осылай өз мәресіне де жетті. Бұл саяси науқан елімізде алғаш рет жүргізілгендіктен кемкетік тұстары да болғанын комиссия төрағасы жасырмады. Ол халық арасындағы рулық тартыстың барын, тіпті ағайындар арасында реніштер туындаған жайттар кездескенін де бүкпесіз айтты.

Әрине, ауылдық округтер әкімін сайлау – халыққа берілген үлкен мүмкіндік. Демек бұл демократиялық даму жолындағы маңызы зор қадам болғаны рас. Енді көптің сеніміне ие болған жаңа ауыл әкімдері сол сенімнің үдесінен шығып, батыл қызмет жасауымен көрінгені абзал. Өйткені таңдау бұрынғыдан өзгерек.

ПІКІР-ПАЙЫМ

Бұл таңдау бұрынғыдан өзгерек

Өткен демалыста елімізде алғаш рет ауыл әкімдерінің сайлауы өткізілді. Бұл біріншіден халықтың қатысуымен һәм таңдауымен өткенімен ерекше. Сондықтан бұған туған ауылының келешегі үшін алаңдайтын, жаны ашып жауапкершілікпен қарайтын әрбір тұрғынның қатысуы маңызды деп есептеймін.

Ауыл – ел бесігі. Талай тума таланттардың түлеген тұғыры. Қазақы салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыздың алтын арқауы ауыл деп есептеймін. Тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосып отырған елді мекендерді білімді, тәжірибелі азаматтардың басқарғаны дұрыс. Кім қандай кандидатқа дауыс беремін десе де әркімнің өз құқығы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу қажеттігі туралы мәлімдеді. Мемлекет басшысы мұны елді демократияландырудағы және жергілікті басқару институттарын нығайтудағы маңызды қадам деп атады.

Иә, расымен де бұл әр ауыл халқы үшін маңызды таңдау болды. Өз кандидатурасын ауыл тұрғындарының өздері де, өз мүшелерінің арасынан тіркелген саяси партиялар да ұсына алды.

Бұл ел ертеңі үшін өте тиімді таңдау болды және әділ, ашық түрде өтті деген сенімдемін.

Сұлтанбек ТӘУІПБАЕВ,
қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Белсенділікті арттырады

Мемлекет басшысы өзінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізудің қажеттігін айтқан болатын. Өткен демалыста елімізде алғашқы рет ауыл әкімдерін тікелей сайлау өтті.

Мемлекет дамуы үшін маңызы бар бұл сайлауда Қызылорда облысы бойынша 40 округтен жалпы саны ауыл әкімі болуға 122 үміткер тіркеліп, саяси додаға қатысып, 30 мыңнан астам адам өз таңдауын жасады.

Сайлау – қоғамды демократияландырудың маңызды институты, халықтың ерік білдіруінің көрінісі, оның мемлекеттік басқаруға қатысуының негізгі нысанының бірі. Көптеген шет елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тікелей сайлау кезінде әкім өз сайлаушылары алдындағы жауапкершілікті терең сезінеді. Бұл оның жұмысына оң әсер етеді деп ойлаймын.

Ауыл әкімдерін сайлау – демократияның жарқын белгісі. Сондықтан бұл сайлаудың аймақ дамуына оң әсері болады деп ойлаймын. Байқаушылар мәліметінше, сайлау учаскелерінде пандемияға байланысты санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалған.

Жалпы бұл сайлаудың ерекшелігі, әкімін таңдағанда ауыл тұрғындары өздері сенім артатын, қалаған үміткерге дауыс бере алады. Өздерінің ой-пікірлерін, әлеуметтік және басқа жағдайларды өздері сеніп сайлаған ауыл әкіміне жеткізіп, орындалуын қадағалайды. Сондықтан олар өздерінің таңдауы бойынша дауыс берді.

Ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау азаматтардың өз конституциялық құқықтарын толыққанды іске асырудағы белсенділігін арттырады. Халықтың билікке деген сенімін және әкімнің халық алдында есеп беруін күшейтеді. Сондай-ақ, ауыл әкімінің халықтың қажеттіліктері мен проблемаларына жедел ден қоюына ықпал етіп, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді.

Бұл Қазақстанның сайлау жүйесін дамытудың маңызды кезеңіне айналып, өңірлік ауқымды науқанды ұйымдастыру мен өткізудің жаңа практикалық тәжірибесін жинақтауға негіз боларына сенім білдіремін.

Нұрлыбек МЫҢЖАС,
Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

ЕКПЕ АЛ!

Ахуал күрделеніп тұр

Аймақта пандемия басталғалы бері коронавирус инфекциясының 9369 жағдайы тіркелді. Өткен тәулікте 168 дерек анықталды. Індет жұқтырғандардың басым көпшілігі – облыс орталығынан. Оның ішінде, 14 жасқа толмаған балалардың үлесі 19-ды құрап отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова мәлімдеді.

– Күнделікті жүргізілетін эпидемиологиялық талдау нәтижелері көрсеткендей, COVID-19 инфекциясын жұқтырғандардың басым көпшілігі – вакцина салдырмағандар. Қазір әлемде, республикада, соның ішінде аймақта да ауру өршіп тұр. Ауруханаларда жүктеме саны артты, індет жұқтырғандардың басым көпшілігі ауыр халде жатыр. Былтыр аурудың симптомсыз түрі көп тіркелген болса, биыл аурудың мутациялануынан ауыр өтуде. Бұл жағдайды тұрақтандырудың жолы

ол – сақтық шаралары мен вакцина. Вакцина алу, оның қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін барлық жағдайлар жасалған. Онлайн түрде екпеге жазылып, өз емханаңызда немесе ірі сауда орындарында ешбір кезексіз вакцина алуға болады. Ауруды еңсеруге бірге күш салуға шақырамыз, – деді ол.

Биылғы 1 ақпан мен 26 шілде аралығында облыста вакцинаның 1-компонентін 220 060, 2- компонентін 140 309 адам салдырған.

Сонымен қатар, мониторингтік топ 11 820 нысанға рейд жүргізген. Нәтижесінде карантин талаптарын бұзған 396 дерек анықталып, әкімшілік айыппұл салынды.

«СБ» ақпарат

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ СҰРАЙТЫНЫ – ГАЗ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінде тұрғындардың 63%-і немесе 506 мыңы газбен қамтамасыз етілген. Оның ішінде ауылдық елді мекендердің тек 3,04 %-і ғана газдандырылған. 2025 жылға дейін ауылдарды сапалы ауыз сумен және газбен қамту деңгейін 10,4%-ке ұлғайту көзделіп отыр.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында аймақта газбен қамту мәселесіне басымдық берілген. Біз түсіндірме жұмыстары барысында, сайлаушылармен жүздесуде бұл тұрғыдағы жұмыстардың сапалы, уақытылы жүргізілуіне ықпал ететінімізді айтқан едік. Тұрғындарды алаңдататын өзекті тақырыптың бірі – осы «көгілдір отын» мәселесі. Мамандардың айтуынша, бүгінде аймақты газбен жабдықтау үлесі – 65%. Ал 2025 жылға дейін облыс тұрғындарын «көгілдір отынмен» қамту көрсеткішін 75%-ке жеткізу жоспарда. Облыстық мәслихаттың Өндіріс және шаруашылық салалары, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кеңейтілген отырысында осы мәселе кеңінен талқыға түсті.

Тұрақты комиссиялар мәслихаттардың үздіксіз және тиімді жұмыс істеуіне, депутаттардың шешімдерін әзірлеуге, оны орындауды ұйымдастыру мен бақылауға тікелей және кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар дайындаушылық-кеңесшілік, бақылаушылық, ұйымдастырушылық міндеттерді жүзеге асырады. Сондықтан, комиссия төрағасы және «Nur Otan» партиясы атынан сайланған депутат ретінде сайлауалды бағдарламада айтылған міндетті іске асыру, мәселенің шешімін табуына барынша ықпал етуді мақсат еттік. Комиссия отырысында қаралған мәселе өзекті. Себебі, облыста газдандыру бойынша атқарылар тірлік ауқымды. Былтыр Аралдың Жақсықылыш елді мекені, Қазалының Ғ.Мұратбаев ауылы және Шиелінің Байсын елді мекені газға қосылды. Көмірді ығыстырар «көгілдір отынның» игілігін көру кезегінде әлі қаншама ауыл-аймақ бар. Жоба болғанмен, қаржы қолбайлау.

Биыл Тереңөзек кентінің тұрғындары газбен қамтылса, жуырда Жосалы мен Жалағаш кенті қосылды. Жыл аяғына дейін Қазалы қаласы және Шиелінің Қодаманов, Бекежанов ауылдары газдың игілігін көрмек. Ал қала іргесіндегі Наурыз бен Махамбетов тұрғындары әзірге пеш жағатын сыңайлы. Газдың игілігін қашан көретінін мамандар нақты айта алмай отыр. Қызылорда облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов биыл газдандыруды бастауға 500 млн теңге бөлінгенін, жалпы жоба құны 5,5 млрд теңге құрайтынын алға тартты. Ал сол жағалаудағы елді мекендерді тұрақты түрде табиғи газбен қамтамасыз етуге «Ақшабұлақ-Қызылорда» және «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбырларын өзара байланыстыру жоспарда. Сонымен қатар бірінші автоматтандырылған газ тарату стансасын кеңейту қолға алынбақ. Осы жобалар іске асқанда Ақжарма, Талдыарал, Сабалақ, Аэропорт, Бесарық, Айдарлы, Аманкелді елді мекендерін газдандыруға мүмкіндік тумақ.

Комиссия отырысында әріптестерімнің тарапынан газдандыру мәселесіне қатысты сала басшыларына сауалдар қойылып, ұсыныстар айтылды. Өйткені, халық пен билік арасындағы дәнекер депутаттардан сайлаушылардың сұрайтыны – «Бізге газ қашан келеді?» деген сұрақ. Комиссия отырысында талқыланған мәселе бойынша облыс әкіміне тиісті ұсыныстар жолданды. Газдандыру жайы жетекші партия – «Nur Otan»-ның, өкілді органның жіті бақылауында болады.

Бақдәулет МАҚАШОВ,
облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі, Өндіріс және шаруашылық салалары, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы

Жанармай төңірегінде не түюге болады?

Қазақстанда отын бағасы 2015 жылға дейін мемлекеттік тұрғыдан реттеліп келді. Бастапқыда әкімшілік бақылау шаралары отынның босату құнын тікелей анықтаудан ғана тұратын еді. Бірақ 2011 жылдан бастап олар бензиннің ең жоғары құнын белгілеумен шектелді. Өткен онжылдықтың ортасында бұл шаралар жойылып, нарық мемлекеттің бақылауында бола тұра, еркін айналымға көшті. Мысалы, мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізу нарықтық бағамен емес, бұрынғыдай өзіндік құн бойынша жүзеге асырылады. Өз кезегінде, нарықтың еркін айналымы түпкілікті баға сұраныс пен ұсыныс көлемінен қалыптасатынын көрсетті. Мемлекет бұған араласпайды. Дегенмен, мемлекеттік ұғым дегенді мүлдем ысырып тастауға бола ма? Өйткені жанармай – әлеуметтік тауар. Осыған қарағанда оның төңірегінде үлкен саясаттағы құйтырқы ойындардың жүретінін әлбетте, жоққа шығаруға болмайды. Бұл – енді мемлекет үшін ойланатын мәселе.

Айталық, сарапшылар пікірінше, Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы мұнай мен мұнай өнімдерінің ортақ нарығы 2025 жылға қарай табыс әкеле бастауы тиіс. Ортақ нарық құру ЕАЭО-ға мүше елдер үшін энергия ресурстарының қолжетімділігін арттыруға және отандық өндірушілер үшін өткізу нарығын кеңейтуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, Одақ көлеміндегі бензиннің құны теңестіріледі. Демек, бұл жағдайда Қазақстан бағаны тағы да көтеруі керек. Өйткені ЕАЭО елдері арасында ең төменгі баға біздің республикаға тиесілі. Атап айтқанда, Ресейде АИ-92-нің 1 литрі шамамен 250 теңге тұрады. Тиісінше, біздегі бензиннің құны тағы 30 процентке өсуі мүмкін. Тек сонда ғана Ресей мен Қазақстандағы баға теңеседі.

Экономикада бір-бірімен байланысты тағы бір мәселе бар. Жалақының өсуі қазір инфляция қарқынын үдетті. Ол тіпті халықтың әлсіз тобының проблемасын ушықтырып жіберді. Тағы бір мәселе бар. Екі елдің бағасын теңестірудің қиындықтары жетіп-артылады. Тауарлар еркін жүруі үшін жалақы көлемі де теңесуі керек. Дәл қазір Қазақстанда жалақы үстемелеп өсуде. Алайда бұл барлық салаға қатысты емес. Осының өзі әлеуметтік теңсіздік туғызып, халықтың бір тобының жанармай бағасының қымбаттауына деген алаңдаушылығын туғызуда. Осының барлығын қалай реттеуге болады?

Сондықтан мұнай-газ секторын дамытумен бірге бағаны тежеу Қазақстан үшін өзекті мәселе болып қала береді. Бұл ретте жағдайды оңалтудың бірден-бір жолы – мұнай өңдеуге барынша инвестиция тарту қажеттігі туындайды. Өйткені бұған салынған инвестициялар бензиннің өзіндік құнын төмендетуге оң ықпал жасайды.

Бензин – әлеуметтік маңызы жоғары өнім. Оның бағасы басқа тауарлардың құнына бірден әсер етеді, яғни бағаның өсуі халықтың тұтыну қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Бұл экономика үшін тиімсіз, әлбетте. Сондықтан мұнай-газ секторын дамыту – біздің ел үшін маңызды стратегиялық міндет. Алайда өнеркәсіптік өндірісті ұлғайту үшін қаражат қажет.

Қазақстанда кейбір мәліметтер бойынша өндірістік қуаттарды ұлғайтуға бағытталған айналым қаражатының 40 проценті банк және банктік емес секторлардың қарыздарынан тұрды. Бұл дегеніміз – несие. Демек кәсіпорындардың алған несиесі бензиннің өзіндік құнында міндетті түрде ескеріледі. Өкінішке қарай, бұл біздің нарықты кез келген жергілікті және сыртқы факторларға жығып береді.

Бұл жағдайда Қазақстан кредиттік жүктеменің бензиннің өзіндік құнына қатысты әсерін азайтуы қажет деп санайды сарапшылар. Ол үшін отандық мұнай өңдеу зауыттары сыртқы нарықтарға отын өткізу географиясын кеңейту арқылы капиталды ұлғайтуы керек. Бұдан бөлек, өндіріс көлемін өсіруге мүмкіндік беретін инвестиция тарту маңызды. Өйткені бензиннің әлемдегі ең төменгі бағасы Қазақстанға тиесілі. Демек бензин экспорты инвесторлар үшін айтарлықтай пайдалы.

Тағы бір мәселені атап өткім келеді. Әлемде көптеген елдерде жанармай бағасы халықтың сатып алу қабілетімен тікелей байланысты. Ал егер біз бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы мемлекеттермен салыстыратын болсақ, бензин бағасы Қазақстанда ең арзан тауар. Айталық, Қазақстанда ол 0,40, Түрікменстанда 0,43, Әзірбайжанда 0,47, Ресейде 0,61, Өзбекстанда 0,65, Грузияда 0,69, Арменияда 0,70, Беларусьта 0,73, Украинада 0,85 доллар құрайды. Орташа жалақы осы елдердің барлығында дерлік Қазақстаннан төмен. Бұл, әлбетте, ойланатын жағдай.

Әлемде барлығы да салыстырмалы түрде айтылады. Қазақстанда негізгі азық-түлік тауарларының бағасы тікелей және жанама түрінде субсидияланады. Ендігі жерде оған әлеуметтік тауар ретінде жанармайды қоссақ, бұл ақылға қонымсыз болар еді. Ол кезде біз нарықтың шынайы болмысынан арыламыз. Не істеу керек? Біздіңше мұнай нарығындағы мемлекеттің ролін арттыру маңызы зор мәселенің бірі болып табылады. Бұл енді мәселенің өткір түйінін шешкен болар еді.

1-бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

16 шілде 2021 жыл №31 4-сессия Қызылорда қаласы

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

2020 жылға арналған түзетілген облыстық бюджет кірістер бойынша 100,2 пайызға атқарылған (295 625 806,5 мың теңге жоспар 296 345 729,7 мың теңгеге орындалған), оның ішінде бюджеттің өз кірістері 107,9 пайызға (16 541 955,3 мың теңге жоспар 17 859 791,2 мың теңге) орындалып, 1 317 835,9 мың теңге артық түскен.

2020 жылдың қорытындысымен облыстық бюджет шығындар бойынша (бюджеттік кредиттер мен қаржылық активтерді сатып алуды қоса алғанда) 99,0%. Жете игерілмегені 3 456 072 мың теңге, оның ішінде бюджет қаражатының үнемделгені 1 387 096,7 мың теңгені құрады, субъективті себептермен игерілмегені 2 068 975,3 мың теңге.

Бюджет қаражатын субъективті себептермен игермегендер қатарында: «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 1 456 332,6 мың теңге, «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 254 754,7 мың теңге, «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 162 746,4 мың теңге, «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 100 000 мың теңге, «Қызылорда облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі – 46 130,5 мың теңге, «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 32 629,2 мың теңге, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 13 161,7 мың теңге, «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 3 220,2 мың теңге.

Сонымен қатар, республикалық және облыстық бюджеттерден аудандар мен Қызылорда қаласына бөлінген нысаналы трансферттер бойынша 1 095 941,3 мың теңге игерілмеген.

Бюджет қаржысын игеруде 1083629,3 мың теңге дебиторлық және 164265,5 мың теңге кредиторлық қарыз қалыптасқан.

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасы кодексінің 130-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2020 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 296 345 729,7 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 12 986 623,9 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 4 840 243,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 32 923,8 мың теңге;

трансферттер түсімі – 278 485 938,6 мың теңге;

2) шығындар – 300 713 045,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 27 137 867,3 мың теңге, оның ішінде;

бюджеттік кредиттер – 31 598 204,5 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 4 460 337,2 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 2 901 195,3 мың теңге, оның ішінде;

қаржы активтерін сатып алу – 2 955 715,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 34 406 377,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 34 406 377,9 мың теңге, оның ішінде;

қарыздар түсімі – 39 907 635,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 4 210 086,1 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – - 1 291 171,0 мың теңге.

2. Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының 2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуі баяндамасы қаперге алынсын.

3. Қызылорда облысының тексеру комиссиясының 2020 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы есебі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қызылорда облысының әкімдігіне:

1) қаржының игерілмеуіне жол берген бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне ағымдағы қаржы жылының көрсеткіштерін жақсарту бойынша тиісті шаралар қабылдау;

2) Облыстық басқармалар (бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) басшыларына және аудандар және Қызылорда қаласының әкімдеріне бөлінген қаржыны, оның ішінде нысаналы трансферттерді игеруі және оларға мониторинг жүргізу жауапкершілігін жүктеу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес бюджеттік жоспарлаудың және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша ұсынылатын есептердің сапасын арттыру;

4) Қызылорда облысының даму бағдарламасын іске асыру және бюджеттің атқарылуы барысында кемшіліктерді болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы **Н. БАЙҚАДАМОВ**

Қызылорда облыстық мәслихатының
2021 жылғы 16 шілдедегі № 31 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп

мың теңге

Бюджеттік бағдарламаның кодтары				Атауы	Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет	Кассалық атқарылуы	Айырмасы (4 баг.- 3 баг.)	Орын-далу пайызы
1				2	3	4	5	6
				Кірістер	295 625 806,5	296 345 729,7	719 923,2	100,2
1				Салықтық түсімдер	12 081 528,0	12 986 623,9	905 095,9	107,5
	01			Табыс салығы	5 757 880,0	6 157 295,4	399 415,4	106,9
		2		Жеке табыс салығы	5 757 880,0	6 157 295,4	399 415,4	106,9
			01	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	5 486 700,0	5 879 007,2	392 307,2	107,2
			02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	238 602,0	243 776,5	5 174,5	102,2
			05	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	32 578,0	34 511,7	1 933,7	105,9
	03			Әлеуметтік салық	5 163 907,4	5 570 734,6	406 827,2	107,9
		1		Әлеуметтік салық	5 163 907,4	5 570 734,6	406 827,2	107,9
			01	Әлеуметтік салық	5 163 907,4	5 570 734,6	406 827,2	107,9
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 159 740,6	1 258 593,9	98 853,3	108,5
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 066 888,0	1 142 469,5	75 581,5	107,1
			03	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	25 323,0	25 335,5	12,5	100,0
			04	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	12 565,0	15 788,8	3 223,8	125,7
			14	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	0,0	1,6	1,6	0,0
			16	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	1 029 000,0	1 101 343,7	72 343,7	107,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	92 852,6	116 124,3	23 271,7	125,1
			33	Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым	92 852,6	116 124,3	23 271,7	125,1
2				Салықтық емес түсімдер	4 428 183,9	4 840 243,5	412 059,6	109,3
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	153 811,7	239 769,2	85 957,5	155,9
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	31 606,6	115 981,2	84 374,6	367,0
			02	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	31 606,6	115 981,2	84 374,6	367,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	29 698,0	31 206,6	1 508,6	105,1
			04	Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	29 698,0	31 206,6	1 508,6	105,1
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	92 507,1	92 581,3	74,2	100,1
			03	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	50 701,1	50 701,0	-0,1	100,0
			06	«Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджетен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар»	41 806,0	41 880,3	74,3	100,2
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	0,0	48,0	48,0	0,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	0,0	48,0	48,0	0,0
			02	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер	0,0	48,0	48,0	0,0
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	0,0	103,9	103,9	0,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	0,0	103,9	103,9	0,0
			02	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі	0,0	103,9	103,9	0,0
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	978 721,6	1 032 015,7	53 294,1	105,4
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге үтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	978 721,6	1 032 015,7	53 294,1	105,4
			05	Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	29 404,0	31 285,1	1 881,1	106,4
			06	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	932 190,0	981 999,5	49 809,5	105,3
			14	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	2 704,0	4 307,6	1 603,6	159,3
			16	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	253,0	252,9	-0,2	99,9
			18	Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	14 170,6	14 170,7	0,1	100,0
	06			Өзге де салықтық емес түсімдер	3 295 650,6	3 568 306,7	272 656,1	108,3
		1		Өзге де салықтық емес түсімдер	3 295 650,6	3 568 306,7	272 656,1	108,3
			07	Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы	289 700,9	448 414,7	158 713,8	154,8
			09	Жергіліктіге бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	22 413,0	42 326,1	19 913,1	188,8
			14	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары	2 983 536,7	3 077 565,8	94 029,1	103,2
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	32 243,4	32 923,8	680,4	102,1
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	32 243,4	32 923,8	680,4	102,1
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	32 243,4	32 923,8	680,4	102,1
			02	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер	32 243,4	32 921,1	677,7	102,1
			07	Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй-жайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер	0,0	2,7	2,7	0,0
4				Трансферттердің түсімдері	279 083 851,2	278 485 938,6	-597 912,6	99,8
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	4 489 608,8	4 489 608,8	0,0	100,0
		2		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	4 489 608,8	4 489 608,8	0,0	100,0
			02	Нысаналы трансферттерді қайтару	382 540,3	382 540,3	0,0	100,0
			03	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	999,9	999,9	0,0	100,0
			04	Аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансферттер түсімдері	3 403 464,0	3 403 464,0	0,0	100,0
			16	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	702 604,6	702 604,6	0,0	100,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	274 594 242,4	273 996 329,8	-597 912,6	99,8
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	274 594 242,4	273 996 329,8	-597 912,6	99,8
			01	Ағымдағы нысаналы трансферттер	74 002 048,4	73 404 135,8	-597 912,6	99,2
			02	Нысаналы даму трансферттері	26 101 181,0	26 101 181,0	0,0	100,0
			03	Субвенциялар	0,0	0,0	0,0	0,0
			05	Республикалық бюджеттен жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтеріне берілетін субвенциялар	9 694 463,0	9 694 463,0	0,0	100,0
			06	Республикалық бюджеттен қорғанысқа берілетін субвенциялар	1 443 610,0	1 443 610,0	0,0	100,0
			07	Республикалық бюджеттен қоғамдық тәртіпке, қауіпсіздікке, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметіне берілетін субвенциялар	7 735 799,0	7 735 799,0	0,0	100,0
			08	Республикалық бюджеттен білім беру субвенциялары	94 033 368,0	94 033 368,0	0,0	100,0
			09	Республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін субвенциялар	3 201 392,0	3 201 392,0	0,0	100,0
			10	Республикалық бюджеттен әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға берілетін субвенциялар	8 422 930,0	8 422 930,0	0,0	100,0
			11	Республикалық бюджеттен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа берілетін субвенциялар	7 040 888,0	7 040 888,0	0,0	100,0
			12	Республикалық бюджеттен мәдениетке, спортқа, туризмге және ақпараттық кеңістікке берілетін субвенциялар	12 878 208,0	12 878 208,0	0,0	100,0
			13	Республикалық бюджеттен отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалануға берілетін субвенциялар	1 168 160,0	1 168 160,0	0,0	100,0
			14	Республикалық бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарына берілетін субвенциялар	12 202 442,0	12 202 442,0	0,0	100,0
			15	Республикалық бюджеттен өнеркәсіпке, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне берілетін субвенциялар	457 280,0	457 280,0	0,0	100,0
			16	Республикалық бюджеттен көлік және коммуникацияға берілетін субвенциялар	2 708 594,0	2 708 594,0	0,0	100,0
			17	Республикалық бюджеттен өзге де шығыстарға берілетін субвенциялар	13 503 879,0	13 503 879,0	0,0	100,0
				Шығындар	303 308 025,6	300 713 045,1	-2 594 980,5	99,1
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 596 736,0	3 592 743,4	-3 992,6	99,9
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 140 533,1	2 137 393,1	-3 140,0	99,9
		110		Облыс мәслихатының аппараты	68 844,9	68 843,9	-1,0	100,0
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63 668,0	63 667,1	-0,9	100,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 176,9	5 176,8	-0,1	100,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	1 698 475,5	1 695 413,4	-3 062,1	99,8
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 581 893,7	1 578 852,8	-3 040,9	99,8
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	89 815,4	89 815,3	-0,1	100,0
			009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	26 766,4	26 745,3	-21,1	99,9
			013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	0,0	0,0	0,0	0,0
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	125 366,7	125 366,0	-0,7	100,0
			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	125 366,7	125 366,0	-0,7	100,0
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	247 846,0	247 769,7	-76,3	100,0
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	245 438,0	245 361,9	-76,1	100,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 408,0	2 407,8	-0,2	100,0
	2			Қаржылық қызмет	292 588,0	292 482,4	-105,6	100,0
		257		Облыстың қаржы басқармасы	212 929,0	212 825,3	-103,7	100,0
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	121 987,0	121 962,6	-24,4	100,0
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	942,0	862,8	-79,2	91,6
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	90 000,0	90 000,0	0,0	100,0
		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	79 659,0	79 657,1	-1,9	100,0
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 659,0	79 657,1	-1,9	100,0
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	207 444,5	206 941,2	-503,3	99,8
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	207 444,5	206 941,2	-503,3	99,8
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	171 669,5	171 166,2	-503,3	99,7
			061	«Бюджеттік инвестициялар және концессия мәселелері бойынша құжаттаманы сараптау және бағалау, бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу»	34 850,0	34 850,0	0,0	100,0
			108	Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларын конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	925,0	925,0	0,0	100,0
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	956 170,4	955 926,7	-243,7	100,0
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	0,0	0,0	0,0	0,0
			078	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	0,0	0,0	0,0	0,0
		269		Облыстың дін істері басқармасы	74 890,6	74 889,7	-0,9	100,0
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 253,0	2 253,0	0,0	100,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	72 637,6	72 636,7	-0,9	100,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	669 308,7	669 308,6	-0,1	100,0
			061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	669 308,7	669 308,6	-0,1	100,0
		289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	148 863,1	148 622,0	-241,1	99,8
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	144 840,1	144 751,1	-89,0	99,9
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 023,0	3 870,8	-152,2	96,2
		730		Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы	63 108,0	63 106,5	-1,5	100,0
			001	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63 108,0	63 106,5	-1,5	100,0
02				Қорғаныс	2 218 376,3	2 186 222,4	-32 153,9	98,6
	1			Әскери мұқтаждар	98 742,4	98 206,8	-535,6	99,5
		296		«Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы»	98 742,4	98 206,8	-535,6	99,5
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 966,3	7 431,1	-535,2	93,3
			007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	90 776,1	90 775,8	-0,3	100,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2 119 633,9	2 088 015,6	-31 618,3	98,5
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	82 208,0	82 208,0	0,0	100,0
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	82 208,0	82 208,0	0,0	100,0
		296		«Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы»	2 037 425,9	2 005 807,6	-31 618,3	98,4
			001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 421,0	64 408,5	-12,5	100,0
			005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	214 380,4	207 251,8	-7 128,6	96,7
			014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	1 361 373,3	1 336 899,4	-24 473,9	98,2
			103	Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер	26 880,0	26 880,0	0,0	100,0
			106	Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлары жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу	124 207,1	124 203,9	-3,2	100,0
			121	Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлары жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер	246 164,1	246 164,0	-0,1	100,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8 014 797,5	7 913 622,0	-101 175,5	98,7
	1			Құқық қорғау қызметі	8 014 797,5	7 913 622,0	-101 175,5	98,7
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	7 900 297,2	7 854 004,8	-46 292,4	99,4
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 351 566,1	6 351 404,2	-161,9	100,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	0,0	0,0	0,0	0,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 518 304,2	1 472 173,7	-46 130,5	97,0
			106	Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу	30 426,9	30 426,9	0,0	100,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	114 500,3	59 617,2	-54 883,1	52,1
			053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	114 500,3	59 617,2	-54 883,1	52,1
04				Білім беру	59 796 272,3	58 471 274,1	-1 324 998,2	97,8
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	313 435,3	313 435,0	-0,3	100,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	313 435,3	313 435,0	-0,3	100,0
			011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	313 435,3	313 435,0	-0,3	100,0
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	10 572 958,1	9 459 848,3	-1 113 109,8	89,5
		261		Облыстың білім басқармасы	2 543 916,6	2 543 881,2	-35,4	100,0
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 264 899,4	1 264 885,9	-13,5	100,0
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 279 017,2	1 278 995,3	-21,9	100,0
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 170 208,1	4 168 044,2	-2 163,9	99,9
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	3 734 416,1	3 732 252,5	-2 163,6	99,9
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	435 792,0	435 791,7	-0,3	100,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 858 833,4	2 747 922,9	-1 110 910,5	71,2
			012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 956 172,7	1 849 722,8	-1 106 449,9	62,6
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	902 660,7	898 200,1	-4 460,6	99,5
	4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	8 688 877,0	8 688 876,9	-0,1	100,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	567 137,1	567 137,0	-0,1	100,0
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	567 137,1	567 137,0	-0,1	100,0
		261		Облыстың білім басқармасы	8 121 739,9	8 121 739,9	0,0	100,0
			025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	8 121 739,9	8 121 739,9	0,0	100,0
	5			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	3 082 236,9	3 082 236,7	-0,2	100,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	24 227,0	24 226,9	-0,1	100,0
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	24 227,0	24 226,9	-0,1	100,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	82 840,2	82 840,1	-0,1	100,0
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	82 840,2	82 840,1	-0,1	100,0
		261		Облыстың білім басқармасы	2 975 169,7	2 975 169

Құжат
№113 (20187) 27 шілде, сейсенбі 2021 жыл
www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz
Sb

			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	60 704,2	60 703,9	-0,3	100,0
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	3 199 439,0	3 199 439,0	0,0	100,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	119 819,1	116 160,1	-3 659,0	96,9
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	106 597,6	106 597,5	-0,1	100,0
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	681,0	681,0	0,0	100,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	724 113,6	671 615,6	-52 498,0	92,8
			024	«Спорт объектілерін дамыту»	724 113,6	671 615,6	-52 498,0	92,8
	3			Ақпараттық кеңістік	1 966 549,6	1 966 296,6	-253,0	100,0
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	787 500,1	787 488,9	-11,2	100,0
			007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	726 046,0	726 038,8	-7,2	100,0
			010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	61 454,1	61 450,1	-4,0	100,0
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	569 624,8	569 607,7	-17,1	100,0
			009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	250 313,0	250 307,3	-5,7	100,0
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	319 311,8	319 300,4	-11,4	100,0
		743		Облыстық цифрлық технологиялар басқармасы	609 424,7	609 200,0	-224,7	100,0
			001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	230 590,4	230 572,1	-18,3	100,0
			008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	378 834,3	378 627,9	-206,4	99,9
	4			Туризм	0,0	0,0	0,0	0,0
		289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	0,0	0,0	0,0	0,0
			010	Туристік қызметті реттеу	0,0	0,0	0,0	0,0
Республикалық бюджет қаражаттары есебінен субсидиялау іс-шараларын іске асыруға барлығы 5371305 мың теңге бөлінді, игерілген қаржы 5371276,9 мың теңге (100 %), үнемделген қаржы 28,1 мың теңге. Атап айтқанда:

- «Тұқым шаруашылығын қолдау» бюджеттік бағдарламасына жоспарланған 147880 мың теңгеден игерілгені 147879,1

төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты республикалық бюджетке мерзімінде және толық көлемінде (100 %) аударылды.

«Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге өтемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасына республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен жоспарланған 2701887 мың теңге аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне толық көлемінде (100 %) аударылды. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 1600 кіші және орта бизнес субъектінің салықтық жүктемесі жеңілдетілді.

«Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар іс-шаралар жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоспарланған 255000 мың теңге Түркістан облысының Мақтаарал ауданына болған төтенше жағдайдың салдарын жоюға толық көлемінде (100 %) аударылды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоспарланған 782285,6 мың теңге толық көлемінде (100 %) игерілді.

«Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоспарланған 90000 мың теңге толық көлемінде (100 %) игерілді. Бюджеттік бағдарлама аясында төмен тұрған бюджеттердің кірістер түсімінің жылдық жоспарын орындамаудан туындаған жоғалтулары қалпына келтірілді.

2021 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік мекеме бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектер қалыптасқан жоқ.

10. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламаларын іске асыруға бөлінген 2458144,5 мың теңге 2457641,2 мың теңгеге (100 %) орындалды, 503,3 мың теңге игерілмеген қаржы.

«Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен 171669,5 мың теңге қаралып, 171166,2 мың теңге (99,7%) игерілді, 503,3 мың теңге үнемделген қаржы. Бөлінген қаржыдан 35 мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің, 17 азаматтық қызметшінің еңбекақыларын төлеуге, басқарманың мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жұмсалды. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерге 100 % қол жеткізілді.

«Бюджеттік инвестициялар және концессия мәселелері бойынша құжаттаманы сараптау және бағалау, бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджетпен 34850 мың теңге бөлініп, толығымен (100%) игерілген. Бөлінген қаржыға мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша 12 жоба,сонымен бірге «Қызылорда қаз тарату жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынын құруға қаржылық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптамасы жүргізілді. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштеріне 100 % қол жеткізілді.

«Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларын конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасына қаралған 925 мың теңге толығымен игерілді. Нәтижесінде «Қызылорда облысы Қазалы ауданының аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Қаукей» автомобиль жолдарын 16-шы шақырымнан Ақмешіт-Сырдария өзені арқылы өтпе-өтпе көпірін өткелінің құрылысы» бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің сараптамалық қортындысы алынды. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей нәтиже көрсеткіштеріне 100 % қол жеткізілді.

Мамандады әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен берілген 2250700,0 мың теңге бюджеттік кредиттер толығымен Қызылорда қаласы және аудан бюджеттеріне аударылды.

2021 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық және кредиторлық қарыздар қалыптаспаған.

11. «Қызылорда облысының білім басқармасы»мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламасын іске асыруға 2020 жылға түзетілген бюджеттен 54499526,4 мың теңге жоспарланып, 54287599,5 мың теңгеге немесе 99,6 пайызға игерілген, игерілмеген 211926,9 мың теңге.

«Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасына аппаратты ұстап тұру шығындарына 176849,7 мың теңге қаралып, 176374,3 мың теңге (99,7%) игерілген, игерілмеген 475,4 мың теңгеағымдағы шығындардан үнемделген. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 22 бірлік мемлекеттік әкімшілік қызметші және 21 бірлік штаттан тыс қызметкерлерді ұстау, басқарма бойынша облыстық білім бағдарламалары мен мемлекеттік саясатты іске асыру, аппараттың үздіксіз жұмыс жасауы қамтамасыз етілді.

«Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бағдарламасына 1264899,4 мың теңге қаралып, 1264885,9 мың теңгеге (100%) орындалған, игерілмеген 12,9 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген. Оның ішінде ішкі қарыздар есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарына 36107,4 мың теңге бөлініп, 36107,3 мың теңгеге игерілді (100 пайыз). Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен мекеменің штаттық бірлігіне сәйкес мұғалімдерге еңбекақы мен біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге қаралған 166949 мың теңге, толығымен 100 пайызға игерілген. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаралған 1061843 мың теңге, 1061829,6 мың теңгеге (100%) орындалды. Бағдарлама бойынша 512 бала оқуда өтті. Бағдарлама бойынша тікелей және түпкілікті нәтижеге 100 пайызға қол жеткізілді.

«Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен 11291,5 мың теңге қаралып, 11281,5 мың теңгеге атқарылған (100%). Үнемделген қаржы 10 мың теңгені құрады. Жүкі көлемінде 342 дана электрондық оқулықтар сатып алынған, қашықтықтан оқыту 108 сағат, бюджеттік бағдарламаны іске асырылуына 100 пайызға қол жеткізілген.

«Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен 25347 мың теңге қаралып, 25061,9 мың теңгеге немесе 98,9 пайызға атқарылған. Игерілмеген 285,1 мың теңге-ағымдағы шығындардан үнемделген. Бағдарлама нәтижесінде мамандандырылған білім беру ұйымдарындағы оқушылар үшін 14563 дана оқулықтар мен кітаптар сатып алынған.

«Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бағдарламасы бойынша 1279017,2 мың теңге қаралып, 1278995,3 мың теңгеге немесе 100 пайызға атқарылған. Игерілмеген 21,9 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген. Оның ішінде ішкі қарыздар есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарына 18427,2 мың теңге бөлініп, 18427,1 мың теңгеге игерілген (100%), 0,1 мың теңге – ағымдағы шығындардан үнемделген. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен мемлекеттік білім беру ұйымдарында мұғалімдерге еңбекақы мен біліктілік санаты үшін қосымша жалақысын көтеруге 31580 мың теңге қаралып, 31578,3 мың теңгеге игерілді (100%), игерілмеген 1,7 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаралған 336296,2 мың теңге, 336116,2 мың теңгеге (99,9%) орындалды, игерілмеген 180 мың теңге бюджет қаражаты есебінен үнемделген. Жыл көлемінде дамушына проблемалары бар 150 балаға әлеуметтік көмек көрсетілген.

«Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, балаларды әлеуметтік қамсыздандыру» бағдарламасына 200752 мың теңге қаралып, 200750,6 мың теңгеге (100%) атқарылған, 1,4 мың теңге ағымдағышығындардан үнемделген. Оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен мемлекеттік білім беру ұйымдарында мұғалімдерге еңбекақы мен біліктілік санаты үшін қосымша жалақысын көтеруге 17460 мың теңге қаралып, толығымен игерілді (100%). Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаралған 183292 мың теңге, 183290,6 мың теңгеге немесе 100 пайызға орындалды, атап айтқанда:

«Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау» кіші бағдарламасы бойынша 46720 мың теңге қаралып,толық (100%) орындалды.

«Отбасы түріндегі балалар ауылдары» кіші бағдарламасы бойынша 136572 мың теңге қаралып, 136570,6 мың теңгеге игерілді (100%), игерілмеген 1,4 мың теңге бюджет қаражаты есебінен үнемделген.

Жыл көлемінде бағдарлама аясында ата-аналарының қамқорынсыз қалған 39 бала қамқоршысына алынып, отбасылық түріндегі балалар үйлерінде 70 баланы асырап ұстау қамтамасыз етілім, оқу және тәрбие беру қызметтері көрсетілді.

«Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет есебінен 17091 мың теңге қаралып, толығымен игерілген. «Қазалы ауданының білім бөлімінің №249 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үздік орта білім беру ұйымы болып танылуына байланысты мекемеге ақшалай сыйлық тағайындалды.

«Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бағдарламасына 8121739,9 мың теңге қаралып, толығымен игерілді (100 пайызға). Оның ішінде ішкі қарыздар есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарына 232866 мың теңге бөлініп, толығымен орындалды (100 пайыз). Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен мемлекеттік білім беру ұйымдарында мұғалімдерге еңбекақы мен біліктілік санаты үшін қосымша жалақысын көтеруге 1206396 мың теңге қаралып, толығымен (100%) орындалды. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаралған 6682477,9 мың теңге, толығымен (100%) игерілді, жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаралған 4741810 мың теңге, толығымен (100%) орындалды.

"Шұғыл қажеттіліктерге жергілікті атқарушы органның резерві есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 қарашадағы №128 «Облыстың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы» қаулысымен 4013,5 мың теңге бөлінді, толық көлемде игерілді (100%). Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайды жою мақсатында бағдарлама аясында "Сырдария аграрлық-техникалық колледжі" КМҚК оқу орнының шатырын қалпына келтіру бойынша іс-шаралар өткізілді.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл қажеттіліктерге арналған резерві есебінен ағымдағы іс-шараларды өткізу" бағдарламасы бойынша 22870 дана компьютерлер, ноутбук және планшеттер сатып алуға 3271148,1 мың теңге бөлінді, олар 3190490,9 мың теңге сомасына игерілді. Атқарылмаған 80657,2 мың теңге, тауарлады (ноутбуктарды) уақытылы жеткізбегені үшін тұрақсыздық айыбы есептелінген.

2020 жылдың қорытындысы бойынша кредиторлық берешек 85966,0 мың теңге құрады: оның ішінде, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл қажеттіліктерге арналған резерві есебінен ағымдағы іс-шараларды өткізу» бағдарламасы бойынша («Казинтерсервис» ЖШС өнім жеткізіп берушінің ноутбук құрылғыларын келісім шарт уақытынан кешіктіріп жеткізуінен 80656,9 мың теңге тұрақсыздық айыбы (айыппұл) негізінде пайда болған, іс экономикалық сотқа берілген; «Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бағдарламасынан 3994,4 мың теңге (1866,8 мың теңге – табыс салығына, 1040,0 мың теңге – жалақы және жалақыдан ұсталатын басқа аударымдар, 704,2 мың теңге – медициналық сақтандыру аударымдары, 383,4 мың теңге – коммуналдық төлемдерге), «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бағдарламасынан 407,1 мың теңге – коммуналдық төлемдерге; «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу» бағдарламасынан 328,5 мың теңге (33,3 мың теңге – табыс салығына, 75,4 мың теңге – зейнетақы жарналары мен медициналық сақтандыруға, 44,0 мың теңге – әлеуметтік салығына, 0,8 мың теңге – байланыс қызметтеріне, 175,0 мың теңге – өнім берушінің реквизиттері келісім шартта қате жазылуынан төлем құжаты қайтып келген); «Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсызы қалған, балаларды әлеуметтік қамсыздандыру» бағдарламасынан 89,2 мың теңге (82,3 мың теңге – зейнетақы қорына және медициналық сақтандыру аударымдар, 6,9 мың теңге – әлеуметтік салығына); «Әлеуметтік сауықтандыру»бағдарламасынан 489,9 мың теңге (33,4 мың теңге – медициналық сақтандыруға, 456,5 мың теңге – әлеуметтік салығына) жоспар бойынша қаржы жетпеуіне байланысты пайда болған.

Бюджет қаражаты есебінен қалыптасқан барлық дебиторлық берешек 9064,5 мың теңгеге,оның ішінде «Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасынан 237,6 мың теңге (190,1 мың теңге – табыс салығына, 47,5 мың теңге – әлеуметтік салығына); «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу» бағдарламасынан 245,0 мың теңге (41,4 мың теңге – жалақыдан қызметкердің еңбекке жарамсыздық парағын әкелуінен, 0,2 мың теңге – әлеуметтік аударым, 200,2 мың теңге – әлеуметтік салығы, 0,2 мың теңге – коммуналдық төлемдерге); «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бағдарламасынан 833,1 мың теңге (174,1 мың теңге – табыс салығы, 173,9 мың теңге – жалақы және басқа одан ұсталатын аударымдар, 300,6 мың теңге – әлеуметтік салығы, 94,9 мың теңге – әлеуметтік аударымдар, 57,0 мың теңге – медициналық аударымдарына, 32,6 мың теңге – іс сапар шығындары); «Әдістемелік жұмыс» бағдарламасынан 77,3 мың теңге (38,1 мың теңге – байланыс қызметіне, 28,7 мың теңге – әлеуметтік салығы, 1,8 мың теңге – коммуналдық төлемдер, 8,7 мың теңге - банк қызметтеріне); «Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бағдарламасынан 3502,2 мың теңге (378,1 мың теңге – зейнетақы жарналары, 66,3 мың теңге – жалақыдан, 1510,8 мың теңге – әлеуметтік салығы, 0,9 мың теңге – әлеуметтік аударымдар, 5,3 мың теңге медициналық сақтандыру аударымдарына, 1528,3 мың теңге – коммуналдық төлемдер, 12,5 мың теңге – байланыс қызметіне); «Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсызы қалған, балаларды әлеуметтік қамсыздандыру» бағдарламасынан 119,3 мың теңге (36,7 мың теңге – табыс салығы, 82,6 мың теңге медициналық сақтандыру аударымдарына); «Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу» бағдарламасы бойынша 4050,0 мың теңгеге Корея Республикасы мемлекеттік «Жас Ғалым» халықаралық байқауына берілген іс-сапар шығыстарынан. Байқау шарттары кейінге қалдырылды. Іс сотқа жолданды.

12. «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламаларын іске асыруға бөлінген 1335335,1 мың теңге 1335098,3 мың теңгеге, немесе 100% орындалды, 236,8 мың теңге игерілмеген.

«Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 209511 мың теңге қаралып, 209440,6 мың теңге (100%) игерілді. Игерілмегені 70,4 мың теңге үнемделген. Бөлінген қаржыға 26 мемлекеттік қызметші және 19 азаматтық қызметкерлерді ұстап тұру қамтамасыз етілді. Жыл бойына басқармасының қызметін қамтамасыз ету, өңірдегі ішкі саяси тұрақтылықты, ел бірлігін қамтамасыз ету және қоғамды топтастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру, өңірдегі жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық-саяси салаларды мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарын іске асыру жөніндегі мемлекеттік міндеттерін орындау мақсатында мемлекеттік мекемелерінің жұмыс істеуін және жүзеге асыру, өңірдегі ішкі саяси процесстердің даму үрдістерін зерделеу және оларға талдау жүргізу бойынша жұмыстар атқарылды. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштері 100 % қол жеткізілді.

«Жастар саясаты саласында іс-шаралары іске асыру» бюджеттік бағдарлама бойынша 131871,1 мың теңге бөлінін, 131721,3 мың теңгеге (99,9%) игерілді. Игерілмеген 149,8 мың теңге үнемделген қаржы. Жыл басынан бері келесідей іс-шаралар: «Ауыл жастарын әлеуметтендіру», «Еріктілер қозғалысын дамытуға арналған әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру», «Жастарға патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділігін арттыру жұмысын ұйымдастыру», «Өңірлік Дельфийлік ойындарын өткізу және олардың жеңімпаздарын Ұлттық ойындарға қатысу жол ақысы шығындарын қамтамасыз ету», «Жастар еңбек жасағынын қызметін дамытуға әлеуметтік қызметті ұйымдастыру», «Қызылорда қаласы аралығында жастардың өзара әрекеттестік және әріптестік қызметінің жұмыстарын ұйымдастыру», «Мүмкіндігі шектеулі жастармен жұмыс жасау бойынша әлеуметтік жұмысын ұйымдастыру», «Жас отбасыларға қолдау көрсету ресурстық орталығының қызметін ұйымдастыру», «Kyzylorda Business Hub» облыстық стартап жобалар байқауы» және өңірдегі жастардың рухани, мәдени, толықканды даму, шешімдер қабылдауы, әлеуметтенуі, дамуына бағытталу үшін жағдайлар жасалған. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштері 100 % қол жеткізілді.

«Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарлама бойынша 726046 мың теңге бөлініп, 726038,8 мың теңгеге (100%) игерілді. Игерілмеген 7,2 мың теңге үнемделген қаржы. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде баспа бұқаралық ақпарат құралдарында 3491624,1 шаршы см.материалдарды, 35369 минут телевизиялық материалдарды, 2750 материалдарды интернетте орналастыру жоспарланған. Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесине толық көлемде қол жеткізілді. Бюджеттік бағдарламаны орындау барысында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және жүзеге асырылуын бақылау, өңірде мемлекеттік және салааралық бағдарламаларын жүзеге асырылуы туралы ақпараттың республикалық және жергілікті сайттарда жариялануын қамтамасыз ету жүзеге асырылды. Ведомствалық бағыныстағы «Өңірлік коммуникациялар қызметі» КММ-нің қызметтерін қамтамасыз ету, әлеуметтік желілерді, интернет-ресурстарын бақылау және таңдау қамтылды.

«Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бюджеттік бағдарлама бойынша 61454,1 мың теңге бөлініп, 61450,1 мың теңгеге (100%) игерілді. Игерілмеген 4 мың теңге үнемделген қаржы. Келесідей іс-шаралар жоспарланып орындалды: «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауы, «Маржан сөз» интеллектуалдық телеойын мен «Тілтаным» телебағдарламасы, «Тіл – татулық тірегі» атты дөңгелек үстел отырысы, «Тіл–татулық тірегі» атты дөңгелек үстел отырысы, «Тілді сүю-талбесіктен ақциясы, Терминологиялық жұмыстарды жетілдіру жөніндегі облыстық жұмыстар жоспарын топтап отырысы өтіп, облыстық комиссиясының 3 отырысы өткізіліп, бағдарлама бойынша межеленген тікелей және түпкілікті нәтижеге толығымен қол жеткізілді. Жыл ішінде мемлекеттік тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және талдамалық зерттеулер жүргізіп, оны жүзеге асырудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолдану аясын кеңейту және нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз етіліп,мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қалыптасырылды.

«Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама бойынша 5560 мың теңге бөлініп, 5557,9 мың теңгеге (100%) игерілді. Игерілмеген 2,1 мың теңге үнемделген қаржы. Қаралған бюджет қаражаты ведомствалық бағыныстағы мекемелерге және басқарма жұмысын ұздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті жабдықтармен және шығыс материалдарымен жарақтандыруға бағытталған. Жыл ішінде жиынтықта 7 дана компьютер, 13 дана планшет, 4 дана Canon лазерлік принтері, 4 дана диспансер, 12 дана ESET NOD32 вирусқа қарсы бағдарламалары, 11 дана бір тұғырлы үстел, 6 дана жартылай жабық құжаттарға арналған шкаф, 3 дана киімге арналған шкаф сатып алынды. Бюджеттік бағдарламаның жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштері 85,7%пайызға қол жеткізілген.

«Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджеттен 192715,8 мың теңге қаржы бөлініп, 192715,7 мың теңгеге (100%) игерілген. Үнемделген қаржы 0,1 мың теңге. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде ұзындығы 557,44 шақырым облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарына 1 техникалық қадағалау жүргізілді. Бюджеттік бағдарламада жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштері 100% қол жеткізілген.

«Әлеуметтік маңызы бар аудандағылық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын демеу қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен 114795,0 мың теңге қаржы бөлініп, 114794,1 мың теңгеге (100 %) игерілген. 0,9 мың теңге үнемделген қаржы. Қаржының 11281,1 мың теңгесі облыс және аудан орталықтарынан шалғай орналасқан, жолаушылар ағымы аз және жол сапасы төмен 11 әлеуметтік мәні бар маршруттарына, 103513,0 мың теңге «Қызылорда-Бесарық-Қызылорда» әлеуметтік маңызы бар өңіраралық (аймақаралық қалааралық) теміржол жолаушылар тасымалына бағытталған. Бюджеттік бағдарламада жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштері 100 % қол жеткізілді.

«Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасына қаралған 1637834,6 мың теңгенің 1636501,7 мың теңгесі (99,9%) игерілген, 1332,9 мың теңге үнемделген қаржы. Оның ішінде ішкі қарыздар есебінен бөлінген 418601,2 мың теңгенің 417357,1 мың теңгесі игерілді (99,5%), үнемделген қаржы 1244,1 мың теңге. Жергілікті бюджеттен қаралған 1219233,4 мың теңгеден игерілгені 1219144,6 мың теңге (100%). 88,8 мың теңге үнемделген қаржы.

Қаралған қаржы облыстық маңызы бар «Самара-Шымкент-Жаңақорған-Түгіскен-Келінтөбе» ұзындығы 8,7 шақырым автомобиль жолының күрделі жөндеу жұмысына және Шиелі ауданындағы «Самара-Шымкент-Тартоғай» автомобиль жолының 7,4 шақырымын орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп. Жаңақорған ауданындағы «Келінтөбе-Қандоз» ұзындығы 27 шақырым облыстық маңызы бар автомобиль жолдарына күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, 6 жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп,мемлекеттік сараптама алынды. Бюджеттік бағдарламаның жоспарланған тікелей нәтиже көрсеткіштері 100 % құрады.

«Көлік инфрақұрылымын басым жобаларын іске асыру» бюджеттік бағдарламасына 1918685 мың теңге қаржы бөлініп, 1917020,8 мың теңгеге (99,9 %) игерілген, үнемделген қаржы 1664,2 мың теңгені құрады. Оның ішінде республикалық бюджеттен берілген 1794763 мың теңгенің 1793258,9 мың теңгесі (99,9%) игерілді, үнемделген қаржы 1504,1 мың теңге. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 123922 мың теңгенің 123761,9 мың теңгесі (99,9%) игерілген. Үнемделген қаржы 160,1 мың теңге. Инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 45,38 шақырым 13 жоба орташа және күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар «Қызылорда облысының, "Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент" 26+850 шақырым, 76+300 шақырым, 90+150 шақырым автомобиль жолындағы аяттық көпірлерлерді күрделі жөндеу» нысаны бойынша 128 қада бұрғылап қадау жұмыстары атқарылды. Бюджеттік бағдарламаның жоспарланған тікелей нәтиже көрсеткіштері 100 % қол жеткізілді.

«Әуе көлігінің инфрақұрылымын дамуы» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 5000 мың теңге толығымен игерілді. Бөлінген қаржыға «Қорқат Ата» халықаралық әуежайы терминалын қайта жаңартыпан және кенейтуге жобалық сметалық құжаттама әзірленді. Бюджеттік бағдарламаның жоспарланған тікелей нәтиже көрсеткіштері 100 % орындалды.

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасына 37635 мың теңге қаржы бөлініп, толықтай игерілді. «Қызылорда қаласында катты тұрмыстық қалдықтар полигоны, қоқыс сұрыптау кешенін салу және сыртқы инженерлік желілерді жүргізу» нысанына баратын 1,19 шақырым жол жүргізілді. Бюджеттік бағдарламаның жоспарланған тікелей нәтиже көрсеткіштері 100 % орындалды.

«Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру» бюджеттік бағдарламасына ішкі қарыздар есебінен 3015046,5 мың теңге қаржы бөлініп, 2944377 мың теңгеге (97,7 %) орындалған, жобаларды іске асыру барысында мемлекеттік сатып алу конкурсынан қалыптасқан үнемделген қаржы 70669,5 мың теңге аударылмаған.

Барлығы 12053722,7 мың теңге ағымдағы және нысаналы даму трансферттері аудандар мен Қызылорда қаласының бюджеттеріне толығымен және уақытылы аударылды. 2021 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық және кредиторлық қарыздар қалыптасқан жоқ.

14. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламаларын қамтамасыз етуге 2020 жылға түзетілген бюджеттен барлығы 3471885,1 мың теңге 3471861,1 мың теңгеге (100%) орындалды, 24,0 мың теңге игерілмеді.

«Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына бөлінген 75012,2 мың теңге 75007,1 мың теңгеге (100%) орындалған. Игерілмеген 5,1 мың теңге – үнемделген қаржы. Тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне 100% қол жеткізілді. Бюджеттік бағдарлама нәтижесінде басқарма аппаратының 17 бірлік мемлекеттік қызметшісі мен 4 бірлік азаматтық қызметшілердің және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру мемлекеттік саясаттың іске асырылуы бойынша жұмыстар жүргізілді, аппаратың үздіксіз жұмыс жасауы қамтамасыз етілді.

«Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасына бөлінген 140184 мың теңге қаралып толығымен (100%) игерілді. Оның ішінде, мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша 15362 мың теңге қаралып (100%) толықтай игерілді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 124822 мың теңге толықтай (100%) игерілді. Жыл көлемінде «Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы» КММ мен 12 мәдени-көпшілік іс-шара ұйымдастырылып, оған 160 көрермен қамтылды. Облыстың 171 мәдениет үйлері мен клубтарында 9186 мәдени шара өткізілді, оған 1593040 көрермен қамтылды. Оның ішінде 7665 онлайн режимде, қаралымы 1407506 көрермен. Қазіргі таңда мәдениет ұйымдарында 10606 қатысушыны қамтушы 854 көркемөнерпаздар ұйірмесі жұмыс жасайды. (Оның ішінде, 340 балалар ұйірмесіне 5002 өнерпаз, жастар қатысатын 376 ұйірмеге 3891, ересектер қатысатын 138 ұйірмеге 1713 өнерпаз тартылған). Жыл көлемінде алыс-жақын шетелдерде балалар шығармашылығына арналған 13 халықаралық байқауға 80 өнерпаз қатысып, 45-і лауреат атанып, 5 өнерпаз Бас жүлде иеленді. Республика көлемінде өткен 26 халықаралық байқауға 50 өнерпаз қатысып, 43 лауреат атанды. Оның ішінде, 9 байқаудан 13 өнерпаз, 2 халықтық би ансамбльдері Бас жүлде иеленді. Сонымен қатар, елімізде ұйымдастырылған 39 республикалық байқауға қатысқан 90 өнерпаздың 57-і лауреат атанды. Оның ішінде 15 байқаудан 29 өнерпаз, 5 би тобы Бас жүлде иеленді.

«Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасына 745154,2 мың теңге бөлініп, 745153,1 мың теңгеге (100%) орындалған. Игерілмеген 1,1 мың теңге үнемделген қаржы. Оның ішінде, мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелерінідегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына 44708 мың теңге бөлініп (100%) толықтай игерілді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 700446,2 мың теңге бөлініп, 700445,1 мың теңгеге (100%) игерілді, 1,1 мың теңге үнемделген қаржы. Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне 100% қол жеткізілді. Облыс көлемінде 545 тарихи-мәдени мұра нысандары мемлекет қорғауына алынған, оның ішінде 30-ы республикалық, 257-і жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген, 258 ескерткіш алдын-ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіміне алынған (Арал ауданында – 64, Қазалы ауданында – 99, Қармақшы ауданында – 84, Жалағаш ауданында – 69, Сырдария ауданында – 57, Қызылорда қаласында – 79, Шиелі ауданында – 49, Жаңақорған ауданында – 44).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау, қорғау, пайдалану мақсатында 2021 жылы ежелгі Бәбіш мола және ортағасырлық Сортөбе, Жанкент, Сығанақ, Қышқала, Асанас қалашықтарына қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба барысында ортағасырлық қалашықтардың қорғаныс қабырғалары мен мұнаралары, кесенелердің, тұрғын үйлердің орындары, маңызды құрылыс нысандары аршылып, консервацияланды. Сонымен қатар, ежелгі және ортағасырларға тән алтын жапсырмалар, моншақтар, керамикалық ыдыстар, глазурьленген қыш қаптамалар, сүйектен жасалған және тұрмыстық бұйымдар табылды. Жанкент қалашығында қазба жұмыстарымен қатар, консервацияланған бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің тұрмыс-салт дәстүрінен хабар беретін, тарихи мүсіндер қ

1. «Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі спорт кешенін жалға алу»;
2. «Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылындағы спорт кешенін жалға алу»;
3. «Жаңақорған ауданы, Қожакент ауылындағы спорт кешенін жалға алу»;
4. «Қызылорда қаласы, Саузе мөлтек ауданында спорт кешенін жалға алу»;
5. «Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі ойын түрлері бойынша дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу».

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне 100% қол жеткізілді.

Аудан және Қызылорда қаласы бюджеттеріне арналған 107278,6 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне уақытылы және толығымен аударылды.

2020 жылдың соңында алдын ала төлеме байланысты дебиторлық берешек 3194,2 мың теңгені құрады, оның ішінде іс-сапар шығындарынан - 234,8 мың теңге, жалақыдан - 538,9 мың теңге, коммуналдық қызметтерден – 2242,4 мың теңге, байланыс қызметінен – 171,6 мың теңге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар – 4,4 мың теңге, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік - 2,1 мың теңге.

Кредиторлық берешек көрсетілген салыстыру актілері бойынша 618,4 мың теңгені құрады, оның ішінде техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу – 0,5 мың теңге, әлеуметтік салық – 22,4 мың теңге, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры – 1,1 мың теңге, техникалық персоналдың салықтары – 18,4 мың теңге, өзге де ағымдағы шығындар – 250,4 мың теңге, коммуналдық қызметтерден – 92,6 мың теңге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға – 233,0 мың теңге.

20. «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламаларын іске асыруға барлығы 42884401,7 мың теңге жоспарланды, игерілгені 40795422,3 мың теңге (95,1 %). Игерілмеген қаржы 2088979,4 мың теңге.

«Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен 124681,6 мың теңге бөлінді, игерілгені 121480,7 мың теңге (97,4 %). Игерілмеген қаражат 3200,9 мың теңге, оның ішінде 3147,4 мың теңге нысандардың іске қосылмауынан 14 паспортизация құжаттары жасалынған жоқ, 53,5 мың теңге үнемделген қаржы. Бөлінген қаржы 22 мемлекеттік әкімшілік қызметшіге және 21 штаттан тыс қызметкерді ұстауға, басқарманың мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жұмсалды. Сонымен қатар,жыл ішінде басқарма тарапынан 7 нысанның паспортизация құжаттары жасалып мемлекеттік тіркеуден өткізілді. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей нәтиже көрсеткіштеріне 100 % қол жеткізілді.

Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілер бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға барлығы 7436717 мың теңге бөлінді, одан игерілгені 7197224,4 мың теңге (96,8%), игерілмеген қаражат 239492,6 мың теңге.

Республикалық бюджеттен берілген трансферттер есебінен «Қызылорда қаласында 200 төсек орынға арналған тез тұрғызылатын модульдік аурухана құрылысына» бөлінген 4180270 мың теңге толығымен игерілді (100%).

Ішкі қарыздар есебінен бөлінген 3256447 мың теңгеден игерілгені 3016954,4 мың теңге (92,6%). Игерілмеген қаражат 239492,6 мың теңге, оның ішінде 148500 мың теңге жоба-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған соң төленетін 5 пайыз қаржы, 80764,5 мың теңге елімізде орын алған пандемия салдарынан 3 құрылыс нысаны бойынша мердігерлердің жұмыс кестесінен кешігуінен, 10228,1 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген қаржы. Бағдарлама аясында 6 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, оның 3 нысаны пайдалануға берілді: «Қызылорда қаласында 200 төсектік орынға арналған тез салынатын модульдік жұқпалы аурулар ауруханасының құрылысы», «Қызылорда қаласы Е.Әуелбеков көшесі №5 мекен жайындағы филармония ғимаратына қосымша құрылысы», «Қызылорда қаласы Сүлейменов көшесі № 69 мекен жайдағы № 6 облыстық олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне қарасты футбол алаңын қайта жаңғырту»; 3 нысан 2021 жылға өтпелі болды: «Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округы, Н.Тасымов көшесі, № 60 мекен жайындағы медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесін реконструкциялау», «Шиелі аудандық тарихи-өлкетану ғимаратына қосымша құрылыс жұмыстары», «Қызылорда қаласы Гидроузел көшесі №21 мекен-жайынан салынатын байдарка және каноэ есу базасы құрылысы».

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға барлығы 871932,5 мың теңге бөлінді, одан игерілгені 871276,6 мың теңге (99,9%), 655,9 мың теңге үнемделген қаражат. Оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен бөлінген 802226 мың теңге толығымен игерілді (100%), қалдық қаржы 243,3 мың теңге. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен республикалық жобаларды қоса қаржыландыруға 69706,5 мың теңге бөлінді, игерілген қаражат 69293,9 мың теңге (99,4%), қалдық қаржы 412,6 мың теңге. Бағдарлама аясында 4 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, оның 2 нысаны пайдалануға берілді: «Қызылорда облысы Арал ауданы Жақсықылыш кентіндегі № 19 орта мектепке 100 орындық оқу корпусын жапсаржайын салу» және «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентінен 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі құрылысы»; 2 нысан 2021 жылға өтпелі болды: «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Шалхия кентіндегі 150 орынға арналған ауыл клубын салу» және «Қызылорда облысы Арал ауданы Жақсықылыш кентіндегі денешынықтыру - сауықтыру кешенінің құрылысы».

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға жергілікті бюджет қаражаттары есебінен 63833,6 мың теңге бөлінін, оның 5179,8 мың теңгесігигерілді. Игерілмеген 58653,8 мың теңге қол жеткізілмеген 2 жобаның қаражаттары, оның ішінде 41653,8 мың теңгесі «Қызылорда станциясынан Қызылорда қаласының Титов кентіндегі индустриялық аймаққа дейін темір жол тұйығының құрылысы» жобасы бойынша мердігердің шарт талаптарын орындамаудан, 17000 мың теңге «Қызылорда облысының Арал теңізі станциясынан «АралСодаУ» ЖШС қоза зауытына кіре беріс темір жол тұйығын салу» қоса қаржыландыру» жобасы бойынша мемлекеттік сатып алу конкурс нәтижелерін кеш шығынмен алған, бағдарламадан «Қызылорда облысында қуаты жылына 300 мың тонна АралСода зауытына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым. Телефондандыру» жобасын қоса қаржыландыру» жобасына сәйкес құрылыс жұмыстары жүргізілді. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 33,3% қол жеткізілді.

«Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 669308,7 мың теңге толығымен игерілді (100%), қалдық қаржы 0,1 мың теңге. Бағдарлама бойынша «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында әкімшілік ғимаратының құрылысы» жобасының жоба-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптамаған өзірленіп «Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде әкімшілік ғимаратының құрылысы» жобасымен бірге құрылысы жүргізілген 2 нысан жыл ішінде пайдалануға берілді. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 100 % қол жеткізілді.

«Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 114500,3 мың теңгеден игерілгені 59617,2 мың теңге (52,1 %). Елімізде орын алған пандемия салдарынан мердігер «Қызылорда ОПД-ның Әскери және арнайы дайындығы бойынша оқу-жаттығу полигонының құрылысы» жобасы бойынша жұмыс кестесінен кешігін 54883,1 мың теңгені игерген жоқ. Сонымен қатар, бағдарлама аясында 3 нысанның құрылысы жүргізілін, 2 нысан пайдалануға берілді: «Қызылорда облысы Шиелі және Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімінің әкімшілік ғимаратын ұақытша ұстау бөлмелері үшін жапсаржай орналастыру үшін реконструкциялау», 2021 жылға өтпелі «Қызылорда қаласындағы қалалық ішкі істер басқармасының әкімшілік ғимаратын уақытша ұстау бөлмелері үшін жапсаржай орналастыру үшін реконструкциялау» жобасының құрылыс жұмыстары басталып кетті. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 75 % қол жеткізілді.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоспарланған 313435,3 мың теңге толығымен игерілді (100%), қалдық қаржы 0,3 мың теңге. Бағдарлама бойынша 2 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілін, пайдалануға берілді: «Қазалы ауданының Майлыбас ауылдық округінің Ақсуат ауылындағы 90 орындық балабақша құрылысы», «Сырдария ауданы Айдарлы ауылындағы ескі емхана ғимаратын балабақша етіп реконструкциялау және кеңейту». Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 100 % қол жеткізілді.

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасына жоспарланған 2956172,7 мың теңгеденигерілгені 1849722,8 мың теңге (62,6 %), игерілмеген қаражат 1106449,9 мың теңге. Оның ішінде «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шаралары іске асыруға республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен бөлінген 189621 мың теңгеден игерілгені 189377,7 мың теңге (99,9%), қалдық қаражат 243,3 мың теңге. Бағдарлама бойынша «Қызылорда облысы Арал ауданы Жақсықылыш кентіндегі № 19 орта мектепке 100 орындық оқу корпусын жапсаржайын салу» құрылысы жүргізіліп пайдалануға берілді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 2766551,7 мың теңгеден игерілгені 1660345,1 мың теңге (60 %). Игерілмегені 1106206,6 мың теңге қол жеткізілмеген 2 жобаның қаражаттары, оның ішінде 1104027,5 мың теңге «Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінде 600 орындық мектеп құрылысының» жоба-сметалық құжаттамасы бойынша мемлекеттік сараптама қорытындысының кеш шығуынан құрылыс жұмыстарының жоспарланған көлемінің орындалмауынан, 2150,7 мың теңге «Қызылорда қаласының сол жағалауында физика-математикаға бейімделген 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернатының құрылысы» жобасының жоба-сметалық құжатын әзірлеу» мемлекеттік сараптаманың теріс қорытындысын алуынан, 28,4 мың теңге қалдық қаржы. Сонымен қатар, бағдарламадан 6 жобаның жұмыстары жүргізілді: «Жалағаш ауданы М.Шаменов атындағы ауылдық округінің 140 орындық №34 орта мектеп құрылысы», «Қызылорда қаласы, Жаппасбай батыр көшесі бойынша №2 квартиланда 600 орындық мектеп құрылысын қоса қаржыландыру» жобалары пайдалануға берілді; «Қызылорда қаласы Махамбет елді мекенінде Б.Жөнбаев көшесінде орналасқан №268 орта мектебіне 200 орындық қосымша гимарат құрылысы» жобасының жоба-сметалық құжатын әзірленіп мемлекеттік сараптамадан өткізілді; «Қызылорда қаласындағы №171 орта мектеп ғимаратын реконструкциялау және оған қосымша құрылыс салу» жобасының жоба-сметалық құжаттары әзірленді; құрылысы жүргізілген 1 жоба жөнеазірленген 1 жоба-сметалық құжаттама 2021 жылға өтпелі болды. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 77,8 % қол жеткізілді.

«Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасына жоспарланған 902660,7 мың теңгеден игерілгені 898200,1 мың теңге (99,5 %), игерілмеген қаражат 4460,6 мың теңге. Оның ішінде, «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шаралары іске асыруға республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен бөлінген 290283 мың теңге толығымен игерілді (100 %). Бағдарламадан 2021 жылға өтпелі «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентінен 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі құрылысы» жобасының құрылыс жұмыстары жүргізілді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 612377,7 мың теңгеден игерілгені 607917,1 мың теңге (99,3 %). Игерілмеген 4460,6 мың теңге техникалық қадағалауға жарияланған конкурс қорытындысының кеш шығынан. Бағдарламадан3жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілін «Арал ауданы Арал қаласында оқушылар үйі ғимаратының құрылысы» жобасы пайдалануға берілді, 2 нысан 2021 жылға өтпелі болды. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 100 % қол жеткізілді.

«Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасына жоспарланған 10581745,7 мың теңгеден игерілгені 10411838,8 мың теңге (98,4 %), игерілмеген қаражат 169906,9 мың теңге. Оның ішінде, Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілер бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға ішкі қарыздар есебінен бөлінген 2328203,4 мың теңгеден игерілгені 2158296,5 мың теңге (92,7%). Игерілмеген қаражат 169906,9 мың теңге, оның 148500 мың теңгесі жоба-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған соң төленетін 5 пайыз қаржы, 21406,9 мың теңге мердігердің жұмыс кестесінен кешігуінен. Бағдарламадан 2021 жылға өтпелі «Қызылорда қаласында 200 төсектік орынға арналған тез салынатын модульдік жұқпалы аурулар ауруханасының құрылысы» жобасы бойынша тез салынатын модульдік ауруханының құрылыс жұмыстары аяқталды; «Қызылорда қаласы Ақжарма елді мекенінделі Н.Тасымова № 60 көшесінде орналасқан гимаратты медициналық базасы ретінде қайта жаңғырту» жобасының құрылыс жұмыстары уақытылы аяктамауынан жоба қол жеткізілмеген болды. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен бөлінген 7786963 мың теңге толығымен игерілді (100 %). Бағдарламадан 2 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілді: «Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде 100 төсектік орталық аудандық ауруханаының құрылысы» жобасы пайдалануға берілді, 1 жоба 2021 жылға өтпелі болды. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 466579,3 мың теңге толығымен игерілді (100%), қалдық қаражат 0,1 мың теңге. Бағдарлама бойынша 2021 жылға өтпелі 1 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілді, 2 нысанның ЖСҚ әзірленді. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 85,7 % қол жеткізілді.

«Коммуналдық шаруашылықты дамыту» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаттары есебінен бөлінген 138,5 мың теңге толығымен игерілді (100 %), қалдық қаржы 0,1 мың теңге. Бағдарламадан «Байқоңыр қаласында әкімшілік ғимаратты жастар орталығы етіп қайта жаңғырту» жобасының жоба-сметалық құжаты әзірленін, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштеріне 100 % қол жеткізілді.

«Мәдениет объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасына барлығы жоспарланғаны 900868,9 мың теңге, игерілгені 883390 мың теңге (98,1 %), игерілмегені 17478,9 мың теңге. Оның ішінде,Жұмыспен қамтудың2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілер бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға ішкі қарыздар есебінен бөлінген 359691,9 мың теңгеден игерілгені 342597,6 мың теңге (95,2 %). Игерілмеген қаражат 17094,3 мың теңге, оның 6866,2 мың теңге елімізде орын алған пандемия салдарынан мердігердің жұмыс кестесінен кешігуінен, 10228,1 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген қаржы. Бағдарламадан 2021 жылға өтпелі «Қызылорда қаласы Е.Әуелбеков көшесі № 5 мекен жайындағы филармония ғимаратына қосымша құрылысы» жобасының және қол жеткізілмеген «Шиелі аудандық тарихи-өлкетану ғимаратына қосымша құрылыс жұмыстары» жобасының құрылыс жұмыстары жүргізілді. «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шаралары іске асыруға республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен бөлінген 239916 мың теңге толығымен игерілді (100 %). Бағдарламадан 2021 жылға өтпелі «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Шалхия кентіндегі 150 орынға арналған ауыл клубын салу» жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген 301261 мың теңгеден игерілгені 300876,4 мың теңге (99,9%). Игерілмеген 384,6 мың теңге «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Шалхия кентіндегі 150 орынға арналған ауыл клубын салу» жобасын қоса қаржыландыру бойынша құжаттардың дұрыс болмауынан авторлық қадағалау төлемдері жүргізілген жоқ. Бағдарлама бойынша 2021 жылға өтпелі 1 нысанның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 1 нысанның ЖСҚ әзірленді. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 80 % қол жеткізілді.

«Спорт объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасына барлығы жоспарланғаны 724113,6 мың теңге, одан игерілгені 671615,6 мың теңге (92,8 %), игерілмеген қаражат 52498 мың теңге. Оның ішінде, Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілер бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға ішкі қарыздар есебінен бөлінген 568551,7 мың теңгеден игерілгені 516060,4 мың теңге (90,8 %). Игерілмеген қаражат 52491,3 мың теңге елімізде орын алған пандемия салдарынан мердігердің жұмыс кестесінен кешігуінен. Бағдарламадан 2021 жылға өтпелі «Қызылорда қаласы Сүлейменов көшесі № 69 мекен жайдағы № 6 облыстық олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне қарасты футбол алаңын қайта жаңғырту» жобасының және қол жеткізілмеген «Қызылорда қаласы Гидроузел көшесі № 21 мекен-жайынан салынатын байдарка және каноэ есу базасы құрылысы» жобасының құрылыс жұмыстары жүргізілді. «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шаралары іске асыруға республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен бөлінген 82406 мың теңге толығымен игерілді (100%). Бағдарламадан 2021 жылға өтпелі «Қызылорда облысы Арал ауданы Жақсықылыш кентіндегі денешынықтыру - сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасын қоса қаржыландыру» жобасы бойынша жұмыс кестесінен кешігін 54883,1 мың теңгені игерген жоқ. Сонымен қатар, бағдарлама аясында 3 нысанның құрылысы жүргізілін, 2 нысан пайдалануға берілді: «Қызылорда облысы Шиелі және Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімінің әкімшілік ғимаратын ұақытша ұстау бөлмелері үшін жапсаржай орналастыру үшін реконструкциялау», 2021 жылға өтпелі «Қызылорда қаласындағы қалалық ішкі істер басқармасының әкімшілік ғимаратын ұақытша ұстау бөлмелері үшін жапсаржай орналастыру үшін реконструкциялау» жобасының құрылыс жұмыстары басталып кетті. Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 75 % қол жеткізілді.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоспарланған 313435,3 мың теңге толығымен игерілді (100%), қалдық қаржы 0,3 мың теңге. Бағдарлама бойынша 2 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілін, пайдалануға берілді: «Қазалы ауданының Майлыбас ауылдық округінің Ақсуат ауылындағы 90 орындық балабақша құрылысы», «Сырдария ауданы Айдарлы ауылындағы ескі емхана ғимаратын балабақша етіп реконструкциялау және кеңейту». Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған тікелей және түпкі нәтиже көрсеткіштерине 100 % қол жеткізілді.

Нәтижесінде түсімдердің негізгі үлесін құрайтын жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықты бағалау әдістемесі Еңбекақы төлеу қорын бағалау әдістерінің кеңеюін және салықтық және салықтық емес түсімдермен ЖӨӨ өсу қарқынының корреляциясын ескере отырып, қайта қарауды талап етеді.

2.2.2. Салықтық емес түсімдерді талдау

Салықтық емес түсімдердің 2020 жылға бекітілген болжамы 84213,0 мың теңге болса, түзетілген болжамы 4428183,9 мың теңге болып, бекітілген бюджетпен салыстырғанда 4343970,9 мың теңгеге немесе 52,6 есеге ұлғайтылып, нақты 4840243,5 мың теңге салықтық емес түсімдер түсіп, болжам 109,3 % немесе болжамнан 412059,6 мың теңге артық түсім түскен.

Салықтық емес түсімдер болжамының 412059,6 мың теңгеге артық орындалуы салықтық емес түсімдердің мына түрлері бойынша орын алып отыр:

201-102 «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 8 желтоқсандағы №143 Қаулысының 1-тармағына сәйкес облыстық коммуналдық меншіктегі АҚ, ЖШС девидендтерінің (кірістерінің) мөлшері, акциялардың мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) таза кірістің 50% - нан кем емес мөлшерде белгіленген. Осыған байланысты «МФО РИЦ Қызылорда» ЖШС-гі 84278,5 мың теңге аударды (2018 жыл үшін -53295,0 мың теңге, 2019 жыл үшін-30848,5 мың теңге).

Облыстық бюджетке түсім түсу болжамы жоспарланбаған 2 салықтық емес түсімдер бойынша барлығы 151,9 мың теңге түскен. Оның ішінде, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер сыныбына 48,0 мың теңге және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі сыныбына 103,9 мың теңге түскен.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тарапынан салынатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулардың нақтыланған болжамы 978721,6 мың теңгені құраса нақты 1032015,7 мың теңгеге немесе 107 % орындалды, 53294,1 мың теңге артық түсті, оның ішінде:

облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар 1881,1 мың теңгеге;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар 49809,5 мың теңгеге;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар 1603,6 мың теңгеге болжамнан артық түсім түскен.

Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы жоспары 289700,9 мың теңге 448414,7 мың теңгеге (154,8%) орындалды, бюджетке 158713,8 мың теңге артық түскен.

206 114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бюджеттік коды бойынша бекітілген бюджетте түсім мүлде жоспарланбай, жыл көлемінде жүргізілген нақтылаулар мен түзетулердің нәтижесінде жоспардың 2 983 537,7 мың теңге көлемінде қалыптасуына байланысты болып отыр.

«Бюджет түсімдерін болжау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығымен бекітілген әдістемеңің *(бұдан әрі – № 34 бюджет түсімдерін болжау әдістемесі)* 57-тармағының талаптары сақталмай, басқармамен бюджет жобасын әзірлеу кезінде 206 114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бюджеттік коды бойынша жергілікті атқарушы орган ұсынатын болжамды деректер пайдаланылмай, түсім мүлде жоспарланбаған.

Осы орайда, 206 114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бюджеттік коды бойынша соңғы үш жылда түсімдердің нақты мәні келесідей болған:

2017 жылы – 3 355318,4 мың теңге;

2018 жылы – 1 877 380,4 мың теңге;

2019 жылы – 1 445 018,8 мың теңге.

Сондай-ақ, аталған бюджеттік код бойынша 2020 жылдың қорытындысымен 3077565,8 мың теңгенің нақты түсімі қалыптасқанын атап өту қажет.

Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер жоспары 22413,0 мың теңге, нақты орындалғаны 42326,1 мың теңге немесе 188,8% орындалып, болжамнан бюджетке артық түскені 19913,1 мың теңге болып отыр.

2.2.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім болжамы 301102 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер» коды бойынша 2020 жылға бекітілгені 8925,0 мың теңгені құраса, түзетілген болжам 32243,4 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде нақты түскені 32923,8 мың теңгені құрап, жоспар 102,1%-ға орындалып, 680,4 мың теңге артық түскен.

«Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысына сәйкес және «Облыстық коммуналдық мүлік деңгейіндегі объектілерді жекешелендіру туралы» Қызылорда облысының қаржы басқармасының 2020 жылғы 18 ақпандағы №62, сондай-ақ «Облыстық коммуналдық мүлік деңгейіндегі объектілерді жекешелендіру туралы» 2020 жылғы 1 қазандағы №286 бұйрықтарына сәйкес 9 электрондық аукцион өткізіліп, 59 нысан (пайдалануға жарамсыз автокөлік) сатылған.

2.2.4. Трансферттер түсімдерін талдау

Облыстық бюджеттің кірістерінің жалпы көлеміндегі трансферттер түсімдерінің үлесі 94,4% құраса, трансферттердің жалпы көлеміндегі республикалық бюджеттен берілген трансферттердің үлесі 98,4 % болып отыр.

2020 жылғы бекітілген бюджетте трансферттер түсімдерінің жоспары 243 366 904,0 мың теңгені құрады.

Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер құрамы мынадай болып отыр:

субвенция – 174491013,0 мың теңге (71,7 %);

нысаналы даму трансферттері – 21804332,0 мың теңге (8,9 %);

ағымдағы нысаналы трансферттер – 47071559,0 мың теңге (19,4%).

Жыл көлемінде облыстық бюджеттің нақтылануы мен түзетілуіне байланысты трансферттер көлемі 279 083 851,2 мың теңгені құрап, бекітілген бюджетпен салыстырғанда 35716947,2 мың теңгеге ұлғайған.

Трансферттер түсімдері ішіндегі аудандық (қалалық) бюджеттерден алынатын трансферттер жоспары 4489608,8 мың теңге, республикалық бюджеттен алынатын трансферттер 274594242,4 мың теңгені құраған.

Республикалық бюджеттен алынатын трансферттердің 63,6 пайызы (174491013,0 мың теңге) субвенция болса, 9,5 пайызын (26101181,0 мың теңге) нысаналы даму трансферттері, 26,9 пайызын (74002048,4 мың теңге) ағымдағы нысаналы трансферттер құраған.

2019 жылмен салыстырғанда республикалық бюджеттен алынатын трансферттердің көлемі (субвенцияны есепке алмағанда) 1,1 есеге немесе 7668547,0 мың теңгеге артып отыр.

Тиісінше облысқа берілетін субвенция көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 37325295,0 мың теңгеге артқан.

Жалпы алғанда облыстық бюджет кірістер болжамының құрамындағы республикалық бюджеттен берілетін трансферттердің үлесі 92,5% құрады (2019 жылы бұл көрсеткіш 89,4%, 2018 жылы 87,1% құраған болатын). Облыстық бюджеттің құрамындағы өз кірістерінің үлесі 5,6% құрауы (2019 жылы бұл көрсеткіш 9%, 2018 жылы - 11,3% құраған болатын), бұл облыс бюджетінің республикалық бюджетке деген тәуелділігінің динамикасын көрсетеді.

Қызылорда облысының қаржы басқармасы, аумақтық қазынашылық бөлімшесіне берілген электрондық үлгідегі түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында азайтуға тиіс ағымдағы нысаналы трансферттер көлемі 298956,3 мың теңге механикалық қателік жіберу салдарынан азайтылмай керісінше 597912,6 мың теңге айырма қалыптасқан.

Бұл өз кезегінде кірістер көлемін негізсіз 597912,6 мың теңгеге ұлғаюына, бюджеттің тапшылығы мен бюджет қаражаттарының қолданылатын қалдықтары көлемінің осы сомаға азаюына әкеліп соқтырған.

«2021 жылғы 1 қаңтарға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп» аталған есептің «Трансферттердің түсімдері», оның ішінде «Ағымдағы нысаналы трансферттер» 5-бағандағы «Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет» «74002048,4» деген жоспарлы сан қойылып, нақтысында ол жерде «73404135,8» қойылып трансферттер түсімі 100 пайыз құрауы тиіс болатын болса, аталған есеп бойынша трансферттер түсімі 99,8 пайызға орындалғаны көрсетілген.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер

Жоспарланбаған мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімі 601102 «Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатудан түсетін түсімдер» коды бойынша жалпы 54519,8 мың теңге қаржы түскен. 2020 жылғы сенімгерлік басқаруына сатып алу құқығымен электронды аукцион арқылы облыстық коммуналдық меншігіне қарайтын «Сыр медиа» ЖШС сатылып, түскен қаржы шарт бойынша төленетін бастапқы жарна.

2.3. Облыстық бюджет шығыстарының атқарылуын бағалау

Есепті жылы Қызылорда облыстық бюджетінің шығыс бөлігінде атқарылуы, өткен жылдардағыдай, барлық шығыстар баптары бойынша жоспарлы көрсеткіштердің бірнеше мәрте өзгертілуі жағдайында жүзеге асырылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша облыстық бюджет шығыстарының жалпы сомасы 339477050,2 мың теңгені құрады, оның ішінде шығындар - 300713045,1 мың теңге, бюджеттік кредиттер - 31598204,5 мың теңге, қаржылық активтерін сатып алу сомасы - 2955715,0 мың теңге, қарыздарды өтеуге жұмсалған қаражаттар - 4210086,1 мың теңге (2-кесте).

2-кесте

2018-2020 жылдардағы Қызылорда облыстық бюджетінің шығыстарының атқарылуының динамикасы мен құрылымдық үлесі

	2018	2019	2020	2018	2019	2020
	млн. теңге			үлесі, %		
Шығыстар	225 214,9	272 818,3	339477,1	100	100	100
Шығындар	198 873,3	251 931,0	300713,1,	88,3	92,3	88,6
Бюджеттік кредиттер	12 068,7	14 125,2	31598,2	5,4	5,2	9,3
Қаржы активтерін сатып алу	5 205,5	3 764,9	2955,7	2,3	1,4	0,9
Қарыздарды өтеу	9 067,4	2 997,2	4210,1	4	1,1	1,2

2020 жылғы облыстық бюджет шығыстарының жоспары 267544584,0 мың теңге көлемінде бекітілген. Жыл көлемінде жүргізілген нақтылаулар мен түзетулердің нәтижесінде шығыстар жоспары 342933122,7 мың теңгені құрап, бекітілген параметрден 75388538,7 мың теңгеге артқан. Түзетілген жоспар 339477050,7 мың теңгеге немесе 99,0%-ға орындалып, игерілмеген қаражат 3456072,0 мың теңгені құраған, оның ішінде шығындардан – 2594980,5 мың теңге, бюджеттік кредиттерден – 861089,9 мың теңге, қаржы активтер сатып алу – 0,6 мың теңге, қарыздарды өтеуден – 1,0 мың теңге игерілмеген (3-кесте).

3-кесте

2020 жылғы облыстық бюджет шығыстарының атқарылуы

	Бекітілген жоспар	Түзетілген жоспар	Кассалық атқарылуы	Игерілмеген қаражат	Атқарылуы
	мың теңге				%
Шығыстар	**267544584,0**	**342933122,7**	**339477050,7**	**3456072,0**	**99,0**
Шығындар	**253162114,0**	**303308025,6**	**300713045,1**	**2594980,5**	**99,1**
Бюджеттік кредиттер	9759998,0	32459294,4	31598204,5	861089,9	100,0
Қаржы активтерін сатып алу	850294,0	2955715,6	2955715,0	0,6	100,0
Қарыздарды өтеу	3772178,0	4210087,1	4210086,1	1,0	100,0

Есепті кезеңде әлеуметтік мақсаттағы шығыстарға, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру салаларына 95 165 266,1 мың теңге қаражат жұмсалған, бұл облыстық бюджеттің жалпы шығыстар сомасының 27,7%-ын құрайды. Есепті жылы әлеуметтік мақсаттағы шығыстардың облыстық бюджеттің жалпы шығыс бөлігіндегі үлесі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3 пайызға көбейген (2018 жылғы әлеуметтік мақсаттағы шығыстар –42 947 346,5 мың теңге, үлесі – 19,1%, 2019 жылы 67 307 071,7 мың теңге, үлесі – 24,7 %).

2.3.1. Облыстық бюджет шығындарының атқарылуын талдау

2020 жылы облыстық бюджет шығындарының түзетілген көлемі 303308025,6 мың теңге болып, 300713045,1 мың теңгеге немесе 99,1%-ға орындалған. Игерілмеген қаражат көлемі 2594980,5 мың теңгені құраған. Оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 330739,6 мың теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2264240,4 мың теңге.

Облыстық бюджеттің шығындарын атқаруды 16 функционалдық топ бойынша 29 мемлекеттік органның 238 бюджеттік бағдарламаларымен атқарылды.

2020 жылы да бюджеттік жоспарлау кемшіліктері бюджеттің шығындарының атқарылуына әсер етті. Осылайша, облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен қаржы жылы шеңберінде игерілмеген бюджет қаражатының көлемін 2018 жылғы 396 927,2 мың теңгеден 2019 жылы 956 469,4 мың теңгеге, 2020 жылы 3456072 мың теңге болып, қарқындап өсу үрдісі орын алып отыр. Есепті жылы игерілмеген бюджет қаражатының жалпы сомасы негізінен мына басқармалар бойынша қалыптасқан:

- 2088979,4 мың теңге – Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы;
- 211926,9 мың теңге – Білім беру басқармасы;
- 46292,4 мың теңге – Атқарушы ішкі істер органы;
- 623273,7 мың теңге – Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы;
- 176611,8 мың теңге – Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы;
- 47 557,6 мың теңге – Қаржы басқармасы;
- 236,8 мың теңге – Ішкі саясат басқармасы;
- 168630,8 мың теңге – Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;
- 3062,1 мың теңге – Облыс әкімінің аппараты;
- 16541,4 мың теңге – Денсаулық сақтау басқармасы;
- 5825,3 мың теңге – Дене шынықтыру және спорт басқармасы;
- 33669,9 мың теңге – Ауыл шаруашылығы басқармасы;
- 137,4 мың теңге – Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы;
- 241,1 мың теңге – Кәсіпкерлік және туризм басқармасы;
- 32153,9 мың теңге – облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы;
- 503,3 мың теңге – экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы;
- 224,7 мың теңге – облыстық цифрлық технологиялар басқармасы.

Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер. 2020 жылы жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді бюджеттік қаржыландыру 2019 жылмен салыстырғанда 1941192,8 мың теңгеге азайып, 3596736,0 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 3592743,4 мың теңгесі немесе 99,9%-ы игеріліп, 3992,6 мың теңге игерілмей қалды. Осы функционалдық топ бойынша бюджет шығындарының негізгі бөлігі еңбекақы төлеу, іс-сапар шығындары және басқа да қызметтер мен жұмыстарға жұмсалған.

Қорғаныс. Облыстық бюджеттің қорғаныс бойынша есепті жылдағы қаржыландыру көлемі 2218376,3 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 912132,2 мың теңгеге ұлғайды. Есепті кезеңде 2186222,4 мың теңгесі игерілген, орындалуы 98,6% құрады. Игерілмеген қаражат 32153,9 мың теңге.

Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі. Есепті жылы аталмыш функционалдық топ бойынша бюджеттік қаржыландыру 2019 жылмен салыстырғанда 1060297,0 мың теңгеге артып, 8014797,5 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 7913622,2 мың теңгесі немесе 98,7%-ы игеріліп, 101175,5 мың теңге игерілмей қалды.

Білім беру функционалдық тобы бойынша. 2020 жылы білім беруфункционалдық тобына 59796272,3 мың теңге қаржы қаралып, 2019 жылмен салыстырғанда 30198503,1 мың теңгеге ұлғайды. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 58471274,1 мың теңгесі немесе 97,8%-ы игеріліп, 1324998,2 мың теңге игерілмей қалды.

Денсаулық сақтау функционалдық тобы. Есепті жылы аталмыш функционалдық топ бойынша бюджеттік қаржыландыру 2019 жылмен салыстырғанда 5812058,5 мың теңгеге артып, 16818200,4 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 16631752,3 мың теңгесі немесе 98,9%-ы игеріліп, 186448,1 мың теңге игерілмей қалды.

Әлеуметтік блоктың функционалдық тобы. 2020 жылы әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру мақсаттарына 18550793,4 мың теңге қаражат бөлініп, 2019 жылмен салыстырғанда 8546574,3 мың теңгеге азайған. Бұл ретте, бөлінген қаражаттың 18382074,8 мың теңгесі немесе 99,1 % игеріліп, 168718,6 мың теңге игерілмей қалды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық. Тұрғын үй-коммуналдық саласына бөлінген қаражаттың көлемі 22254648,2 мың теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 4640663,3 мың теңгеге азайды. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 22061363,8 мың теңгесі немесе 99,1%-ы игеріліп, 193284,4 мың теңге игерілмей қалды.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік. Облыстық бюджеттің осы функционалдық топ бойынша шығындарының жоспары 10472242,6 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 1581477,3 мың теңгеге азайды. Бөлінген қаражаттың 10398122,2 мың теңгесі немесе 99,3%-ы игеріліп, 74120,4 мың теңгесі игерілмеген.

Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану. 2020 жылы отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласын бюджеттік қаржыландыру 2019 жылмен салыстырғанда 4884107,6 мың теңгеге артып, 5416299,4 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 5156283,6 мың теңгесі немесе 95,2%-ы игеріліп, 260015,8 мың теңгесі игерілмей қалды.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары. Есепті жылы аталмыш функционалдық топ бойынша бюджеттік қаржыландыру 2019 жылмен салыстырғанда 1214150,6 мың теңгеге артып, 17481709,7 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 17447887,1 мың теңгесі немесе 99,8%-ы игеріліп, 33822,6 мың теңге игерілмей қалды.

Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі. Облыстық бюджеттің осы функционалдық топ бойынша шығындарының жоспары 5928957,7 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 2734420,9 мың теңгеге артты. Бөлінген қаражаттың 5925756,3 мың теңгесі игеріліп, 3201,4 мың теңгесі игерілмей қалды.

Көлік және коммуникация. Көлік және коммуникация саласына бөлінген қаражаттың көлемі 17632471,9 мың теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 5828838,4 мың теңгеге артқан. Есепті кезеңде бөлінген қаражаттың 17526529,6 мың теңгесі игеріліп, 105942,3 мың теңгесі игерілмеген.

Облыстық бюджеттің басқа шығындарының жоспары 6725202,9 мың теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда осы функционалдық топ бойынша шығындары 14122752,8 мың теңгеге азайды. Бұл ретте, бөлінген қаражаттың 6618144,7 мың теңгесі игеріліп, 107058,2 мың теңге игерілмей қалды.

Борышқа қызмет көрсету. 2020 жылы облыс әкімдікпен борышқа қызмет көрсету мақсаттарына 53437,1 мың теңге жоспарланып, өткен жылмен салыстырғанда 28728,1 мың теңгеге көбейген. Есепті кезеңде 53388,7 мың теңгесі немесе 99,9%-ы игеріліп, 48,4 мың теңгесі игерілмеген.

Трансферттер. Облыстық бюджеттің 2020 жылғы осы функционалдық топ бойынша шығындары 108347880,2 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 38348161,8 мың теңгеге артқан. Оның ішінде: субвенциялар – 96639278,0 мың теңге, пайдаланылмаған трансферттерді қайтару – 458380,7 мың теңге, нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару – 999,9 мың теңге, заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер – 7510049,0 мың теңге, заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге өтемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер – 2701887,0 мың теңге, Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалал

Құжат
№113 (20187) 27 шілде, сейсенбі 2021 жыл
www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz
Sb

2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына «2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 294 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 137 қаулысымен өзгерістер енгізіліп, жаңа редакцияда жазылған.

Даму бағдарламасымен 2020 жылға 3 бағыт бойынша 11 мақсатқа қол жеткізудің шеңберінде 40 нысаналы индикатор айқындалған. Даму бағдарламасының іс-шаралар жоспарында есепті кезеңге жалпы сомасы 165 969,0 млн. теңгені құрайтын 934 іс-шара көзделген, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 54 710,0 млн. теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 79 144,2 млн. теңге, басқа көздердің қаражаты есебінен 14 420,7 млн. теңге, ішкі қарыздардың есебінен 17 693,7 млн. теңге, қаржыландыруды талап етпейтін 38 іс-шара көзделген.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған деңгейдегі құжаттарының нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштерінің даму бағдарламасында декомпозициялануы анықталды.

1. «Дуальды оқытумен қамтылған техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының білім алушылар үлесі» нысаналы индикаторы 2020 жылға 13,4% деңгейінде жоспарланса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Дуальды оқытумен қамтылған мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесі» нәтиже көрсеткіші Республика бойынша 18,0% деңгейінде жоспарланған.

2. «Нәрестелердің өлім-жітімі» нысаналы индикаторы бойынша тірі туған 1 мың балаға шаққандағы жағдайлар санының есепті кезеңге жоспары 11,75 бірлік болып белгіленсе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №982 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Нәрестелер өлімінің деңгейі» нысаналы индикаторы бойынша 1000 тірі туғанға шаққандағы жағдайлар санының 2020 жылға жоспары 10,1 бірлік деңгейінде (Республика бойынша) белгіленген.

3) «Жұмыссыздық деңгейі» нысаналы индикаторы бойынша есепті кезеңге жоспар 5,2% деңгейінде айқындалса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасында «Жұмыссыздық деңгейі» нысаналы индикаторының Республика бойынша 2020 жылға жоспары 4,8%-ды құраған.

Бұл орайда, «Түйінді ұлттық индикаторлардың стратегиялық картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 287 бұйрығымен бекітілген стратегиялық картаға сәйкес «Нәрестелердің өлімі» нысаналы индикаторы бойынша Қызылорда облысына 2020 жылға бекітілген жоспар 8,39 бірлік болса, «Жұмыссыздық деңгейі» нысаналы индикаторы бойынша өңірге 2020 жылға бекітілген жоспар 4,8%-ды құрағандығын атап өту қажет.

Осылайша, № 790 мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 7-тармағындағы «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштері осы иерархияға сүйене отырып айқындалуы тиіс» – делінген талабы сақталмай, даму бағдарламасының жоғарыда аталған бірқатар нысаналы индикаторларының жоспарлы мәндері мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары деңгейде тұрған құжаттарында айқындалған нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштерінің жоспарлы мәндерімен сәйкестендірілмеген.

Есепті кезеңде даму бағдарламасына енгізілген түзетуге жүргізілген талдаумен бірқатар нысаналы индикаторлардың 2020 қаржы жылындағы жоспарлы мәндерінің негативті жақа қарай өзгертілгендігі анықталды. Сондай-ақ, жыл қорытындысымен қол жеткізу мақсатында, нысаналы индикаторлардың жоспарлы мәндерін түзету жүргізу сәтіне нақты орындалған мәнге, яғни, негативті жаққа қарай өзгерту фактілері анықталды.

Атап айтқанда, «Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны» нысаналы индикаторының жоспарлы мәні түзету жүргізілгенге дейін 103,3%-ды құраса, Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы №510 шешімімен жүргізілген түзетумен 90,0% болып өзгертілген. Бұл ретте, 2020 жылғы 1 қазаңға арналған облыстың бюджетінің атқарылуы туралы есепке сәйкес салықтық және салықтық емес түсімдердің жалпы көлемі 40 522,3 млн. теңгені құрап, 2019 жылдың сәйкес кезеңіне 91,6%-ды құрағандығын атап өту қажет *(2019 жылғы 1 қазанға 44 240,7 млн. теңге)*.

«Халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім» нысаналы индикаторының жоспарлы мәні түзету жүргізілгенге дейін 2150,1 мың теңгені құраса, есепті кезеңде жүргізілген түзетумен 2137,2 мың теңгені құраған.

Сол сияқты, «Жұмыс істеп тұрған авариялық және үш ауысымды мектептер саны» нысаналы индикаторының жоспарлы мәні түзету жүргізілгенге дейін 0 болса, жүргізілген түзетуден кейін 9 бірлікті құраған.

«Аналардың өлім-жітімі» нысаналы индикаторының жоспарлы мәні түзету жүргізілгенге дейін тірі туған 100 мың балаға шаққандағы жағдайлар саны 5 бірлікті құраса, жүргізілген түзетуден кейін 16,4 бірлікті құраған.

«Нәрестелердің өлім-жітімі» нысаналы индикаторының жоспарлы мәні түзету жүргізілгенге дейін тірі туған 1 мың балаға шаққандағы жағдайлар саны 8,39 бірлікті құраса, түзетуден кейін 11,75 бірлікті құраған.

Сол сияқты, «Жұмыссыздық деңгейі» нысаналы индикаторының жоспарлы мәні түзету жүргізілгенге дейін 4,8% деңгейінде белгіленген болса, жүргізілген түзетуден кейін 5,2% деңгейінде белгіленген.

Сондай-ақ, «Халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі» нысаналы индикаторының жоспарлы мәні түзету жүргізілгенге дейін 39,55% деңгейінде белгіленген болса, жүргізілген түзетуден кейін 37,55% деңгейінде белгіленген.

Даму бағдарламасын іске асыруға қатысатын 5 бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар тарапынан даму бағдарламасын іске асыру туралы ақпаратты жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейінгі мерзімде ұсынылмаған, бұл облысты 2020 жылға арналған даму бағдарламасын іске асыру туралы жиынтық есепті дайындау мерзімдерінің бұзылуына әкелді.

Нәтижелілік және тиімділік қағидаттары сақталмай, 2020 жылдың қорытындысымен даму бағдарламасының 4 нысаналы индикаторлары *(мемлекеттік-жекешелік* әріптестік шеңберінде іске асырылатын жобалардың жалпы санынан жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді талап етпейтін жобалар үлесі;өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі*;* аналардың өлім-жітімі; бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз ету) бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

I. «Экономика» бағыты бойынша 4 мақсатқа қол жеткізудің шеңберінде 14 нысаналы индикатор айқындалып, 1 нысаналы индикатор бойынша нәтижеге қол жеткізілсе, 2 нысаналы индикатор бойынша нәтижеге қол жеткізілмеген, 11 нысаналы индикаторлар бойынша ресми статистикалық деректерді қалыптастыру мерзімі келмеген:

1-мақсат. Аймақ экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

- «Халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім» нысаналы индикаторының 2020 жылғы жоспарлы мәні 2137,2 мың теңгені құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың тамыз айында қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінің мәліметтеріне *(бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы)* сәйкес 2020 жылдың 9 айының қорытындысымен облыс халқының жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімі 1466,0 мың теңгені құрап, 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 13,7%-ға азайған.

- «Ауыл шаруашылығында өткен жылға қарағанда еңбек өнімділігінің өсімі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 116,9%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың тамыз айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес 2020 жылдың 9 айының қорытындысымен ауыл шаруашылығында өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда еңбек өнімділігінің өсімі 98,8%-ды құрады.

- «Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 90,0%-ды құраса, нақты орындалуы 100,0%-ды құрады.

Есепті кезеңдегі облыстың бюджетіне түскен салықтық және салықтық емес түсімдердің жалпы сомасы 57 561,4 млн. теңгені құрап, 2019 жылғы салықтық және салықтық емес түсімдердің жалпы сомасына 100,0%-ды құрады (2019 жылы – 57 587,2 млн. теңге).

- «ЖӨӨ-дегі бақыланбайтын (көлеңкелі) экономика үлесі» нысаналы индикаторының есепті кезеңге жоспарлы мәні 16,22%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың тамыз айында қалыптастырылады.

- «Нақты ақшалай кірістер индексі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 12,3%-ды құраған.

№104 көрсеткіштердің базалық тізбесіне сәйкес аталған нысаналы индикатор бойынша жылдық есептілікті қалыптастыру мерзімі – есепті жылдан кейінгі жылдың қыркүйек айы.

Даму бағдарламасын іске асыру туралы есепте «Нақты ақшалай кірістер индексі» нысаналы индикаторының орнына «Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы нақты ақшалай кірісінің өсуі» нысаналы индикаторы көрсетіліп, Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес 2020 жылдың 9 айының қорытындысымен халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы нақты ақшалай кірісінің 2016 жылғы деңгейден өсімі 18,8%-ды құрағандығы жазылған.

Басқармамен әзірленген даму бағдарламасын іске асыру туралы есепте даму бағдарламасында көзделген нысаналы индикатордың орнына басқа нысаналы индикатор көрсетілгендігі анықталып отыр.

Сондай-ақ, даму бағдарламасындағы «Нақты ақшалай кірістер индексі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 12,3% болып негізсіз жоспарланған. Мысалы ретінде даму бағдарламасында осы нысаналы индикатордың 2018-2019 жылдарға жоспарлы мәндері тиісінше 4,4 және 7,4% болса, Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес Қызылорда облысы бойынша «Нақты ақшалай табыстар индексі» көрсеткішінің 2018-2019 жылдарғы нақты мәні тиісінше 100,5 және 109,4%-ды құраған.

Осыған орай, даму бағдарламасында «Нақты ақшалай кірістер индексі» нысаналы индикаторының жоспарлы мәндерінің орнына даму бағдарламасын іске асыру туралы есепте қате көзделген «Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы нақты ақшалай кірісінің өсуі» нысаналы индикаторының жоспарлы мәндері көрініс тапқандығы байқалады.

- «Тұтынушылық шығындарға қатысты азық-түлік тауарларына арналған үй шаруашылық шығыстарының құрылымы» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 48,4%-ды құраған. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың сәуір айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылдың IV тоқсанында тұтынушылық шығындарға қатысты азық-түлік тауарларына арналған үй шаруашылық шығыстарының құрылымы 54,8%-ды құраған.

2-мақсат. Бәсекеге қабілетті өнімді өндіруді қамтамасыз ету үшін өңірдің өндірісін әртараптандыру және өңір экономикасының басым секторы үшін инвестициялар тартуды ынталандыру.

- «Өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіп өндірісінің индексі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 100,5%-ды құраған. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың шілде айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылдың қаңтар-желтоқсанында өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіп өндірісінің индексі 94,3%-ды құрады.

Даму бағдарламасында осы нысаналы индикатордың орындалуын сипаттайтын қосымша 3 нысаналы индикаторлар айқындалып, олар бойынша 2020 жылдың қорытындысымен жоспарлы мәндеріне қол жеткізілген:

«Жиһаз өнеркәсібі бойынша жергілікті қамту үлесі» нысаналы индикаторы бойынша жоспар 43,3% болса, нақты орындалуы 70,0%-ды құрады;

«Құрылыс индустриясы бойынша жергілікті қамту үлесі» нысаналы индикаторы бойынша жоспар – 49,8%, нақты – 55,0%;

«Жеңіл өнеркәсібі бойынша жергілікті қамту үлесі» нысаналы индикаторы бойынша жоспар – 44,6%, нақты – 57,0%.

Аталған нысаналы индикаторлар даму бағдарламасының мақсатына қол жеткізу дәрежесін сипаттамайды. Себебі бұл көрсеткіштердің мәні облыста жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алулардың аясында осы экономика салалары бойынша сатып алынған тауарлардың жалпы көлеміндегі отандық өнімдердің үлесін айқындайды. Яғни, облыстағы мемлекеттік сатып алулармен қамтылған, жалпы Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өнімдердің үлесін сипаттайды.

Осылайша, бұл нысаналы индикаторлардың мәні өңірдегі өнеркәсіптік өндірістің даму деңгейін емес, жалпы республикадағы отандық өнеркәсіптің даму қарқынын анықтайтындықтан, даму бағдарламасының «Бәсекеге қабілетті өнімді өндіруді қамтамасыз ету үшін өңірдің өндірісін әртараптандыру және өңір экономикасының басым секторы үшін инвестициялар тартуды ынталандыру» мақсатына қол жеткізу дәрежесін анықтамайды.

- «Тауарлардың шикізаттық емес экспортының көлемі» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 177,3 млн. АҚШ долларын құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың шілде айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айларына тауарлардың шикізаттық емес экспортының көлемі 47,4 млн. АҚШ долларын құраған.

- «2016 жылға қарай негізгі капиталға инвестиция жұмсау» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 170%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың шілде айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылдың қаңтар-желтоқсанына 2016 жылға негізгі капиталға инвестициялардың нақты көлем индексі 120,0%-ды құраған.

- «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асырылатын жобалардың жалпы санынан жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді талап етпейтін жобалар үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 4,0%-ды құраса, нақты орындалуы 0,0% болып, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілмеген.

Даму бағдарламасын іске асыру туралы есепке сәйкес Жұмыспен қамтудың жол картасымен көзделген 38,9 млрд. теңге қаражаттың 26,6 млрд. теңгесі қайтарымды болуына, сондай-ақ МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жүктемесіне байланысты Қызылорда облысында 2020 жылдың наурыз айынан бастап МЖӘ жобаларын іске асыру тоқтатылған.

3-мақсат. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және АӨК экспорттық әлеуетін жүзеге асыру.

- «Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтердің) нақты көлемінің индексі» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 103,5%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың маусым айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылдың қаңтар-желтоқсанындағы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі 102,0%-ды құраған.

- «Өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 121,0%-ды құраса, нақты орындалуы 109,5%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілмеген.

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының жауапты қызметкері ұсынған деректерге сәйкес 2020 жылдың қорытындысымен 33,6 млн. АҚШ долларының өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталып, өткен жылдың тиісті кезеңіне 109,5%-ды құрады.

4-мақсат. Кәсіпкерлік пен сауданың қарқынды дамуын қамтамасыз ету.

- «ЖӨӨ-дегі шағын және орта бизнес үлесі» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 15,1%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың тамыз айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте ЖӨӨ-дегі шағын және орта бизнес үлесі 15,8%-ды құраған.

- «Орта кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 6,3%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың тамыз айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте орта кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі 4,2%-ды құраған.

II. «Әлеуметтік сала» бағыты бойынша 5 мақсатқа қол жеткізудің шеңберінде 19 нысаналы индикатор айқындалып, 1 нысаналы индикатор бойынша көрсеткіш нәтижесі үш жылда бір қалыптастырылатындықтан, есепті жылға нақты орындалуы жоқ, 12 нысаналы индикатор бойынша нәтижеге қол жеткізілсе, 1 нысаналы индикатор бойынша нәтижеге қол жеткізілмеген, 5 нысаналы индикаторлар бойынша ресми статистикалық деректерді қалыптастыру мерзімі келмеген:

1-мақсат. Қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету.

- «PISA тестісінің нәтижелері бойынша мектептегі білім берудің сапасын бағалау» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәндері келесідей болған:

математика бойынша орташа балл – 486;

оқу бойынша орташа балл – 437;

ғылым бойынша орташа балл – 464.

Даму бағдарламасын іске асыру туралы есепке сәйкес мектептегі білім берудің сапасын бағалау бойынша PISA тестісі үш жылда бір жүргізілетіндіктен, нысаналы индикатордың есепті жылға нақты орындалуын бағалау мүмкіндігі болған жоқ.

- «Дуальды оқытумен қамтылған техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының білім алушылар үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 13,4%-ды құраса, нақты орындалуы 13,6%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес 2020 жылдың қорытындысымен техникалық және кәсіптік білім ұйымдарында білім алушылардың жалпы саны 18346 болса, оның 2495-і дуальды оқытумен қамтылған.

- «Жұмыс істеп тұрған авариялық және үш ауысымды мектептер саны» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 9 бірлікті құраған, оның ішінде апаттық мектептер саны 2 бірлік болса, үш ауысымды мектептер саны 7 бірлікті құрады. Есепті жылдың қорытындысымен облыстағы жұмыс істеп тұрған авариялық және үш ауысымды мектептердің саны 9 бірлік болып, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілді.

Ведомстволық деректерге сәйкес апаттық жағдайдағы 2 мектептің біреуі Жаңақорған ауданында (Жаңақорған кентіндегі №169 мектеп), біреуі Арал ауданында (Арал қаласындағы № 71 мектеп-интернат) орналасқан. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында 7 мектеп (№2, №3, №101, №261, №264, №268, №280) үш ауысымды жағдайда жұмыс жасауда.

- «Балалардың (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытуман қамту» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 100,0%-ды құраса, нақты орындалуы да 100,0%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес облыстағы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етуге бағытталған 665 ұйымдарда 55065 бала тәрбиеленуде.

2-мақсат. Халыққа медициналық көмек көрсетудің сапасы мен қол жетімділігін арттыру.

- «Туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 72,9 жасты құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың сәуір айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2019 жылдың қорытындысымен облыста туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы 72,79 жасты құрап отыр.

- «Аналардың өлім-жітімі»нысаналы индикаторы бойынша тірі туған 100 мың балаға шаққандағы жағдайлар санының есепті жылға жоспарлы мәні 16,4 бірлікті құраса, нақты орындалуы 56,4 бірлікті құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілмеген.

Ведомстволық деректерге сәйкес облыста аналар өлімінің 12 жағдайы тіркелген. Қайтыс болған 12 ананың 58,3%-ы босанғаннан кейінгі кезеңде, 41,7%-ы жүктілік кезеңінде орын алған.

- «Нәрестелердің өлім-жітімі» нысаналы индикаторы бойынша тірі туған 1 мың балаға шаққандағы жағдайлар санының есепті жылға жоспарлы мәні 11,75 бірлік дейгейінде қалыптасқан. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың сәуір айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2019 жылдың қаңтар-желтоқсанына нәрестелер өлім-жітімінің тірі туған 1 мың балаға шаққандағы жағдайларының саны 10,33 бірлікті құрап отыр.

3-мақсат. Тұрақты және тиімді жұмыспен қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру.

- «Жұмыссыздық деңгейі» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 5,2%-ды құраса, нақты мәні 4,9%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған халықтың жұмыспен қамтылуына іріктемелі зерттеу деректеріне сәйкес 2020 жылдың қорытындысымен облыс бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құрап отыр.

- «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 12,0%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың сәуір айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2019 жылдың қорытындысымен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар үлесі 11,1%-ды құраған.

- «Халықтың неғұрлым аз қамтылған 40%-ның кіріс үлесі (халықтың жалпы кірісіндегі)» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 28,1%-ды құрады. Ресми жылдық статистикалық деректер 2021 жылдың сәуір айында қалыптастырылады.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте халықтың жалпы кірісіндегі халықтың неғұрлым аз қамтылған 40%-ның кіріс үлесі 26,3%-ды құрап отыр.

- «Атаулы әлеуметтік көмек (шартты ақшалай көмек) алушылардың ішіндегі жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылғандар үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 20,7% болса, нақты орындалуы 23,6%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарына 58613 шартты ақшалай көмек түріндегі атаулы әлеуметтік көмекті алушылардың 3584-і жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылса, 10266-ы жүгіну сәтіне жұмыспен қамтылғандар.

- «Халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендердің ішінен жұмысқа орналасқан мүмкіндіктері шектеулі адамдардың үлесі» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 88,0% болса, нақты орындалуы 88,5%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарына халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінген 1036 мүмкіндігі шектеулі адамдардың 917-сі немесе 88,5%-ы жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылған.

- «Мүгедектерге қол жетімділік қамтамасыз етілген әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 100,0% болса, нақты орындалуы да 100,0%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес жүргізілген түгендеу (паспорттау) жұмыстары шеңберінде түгендеуден (паспорттаудан) 2326 объект өтті, оның ішінде бейімделуге жататын 1210 объект. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолайлы орта жасау мақсатында 1210 нысан бейімделген.

4-мақсат. Шығармашылық дамуға және тарихи-мәдени құндылықтарын қолжетімді болуына жағдай жасау, бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын шыңдау және аймақтағы тиімді бәсекеге қабілетті туризм индустриясын қалыптастыру.

- «1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа саны» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәндері келесідей болған:

кітапханаларға – 90,7;

театрларға – 16,8;

концерттік ұйымдарға – 6,4;

мұражайларға – 43,1.

Ұлттық статистика бюросының веб-порталынан алынған статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылдың 11 айының қорытындысымен 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа санының нақты мәні келесідей болған: кітапханаларға – 96,2; театрларға – 16,8; концерттік ұйымдарға – 6,4; мұражайларға – 43,1. Көрсеткіш нәтижелеріне қол жеткізілген.

- «Халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 37,55% болса, нақты орындалуы да 37,55%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде спорт кешенін жалдау бойынша 7 жоба іске асырылған.

- «Өткен жылмен салыстырғанда өңірдегі орналасқыру орындары мың шаршы метрді құрап, 2019 жылғы көрсеткіштен 20%-ға төмендеген.

- «Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесін төмендету» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 48,1% болса, нақты орындалуы 47,2%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес 2020 жылы 34 көпқабатты тұрғын үйлерді (Қызылорда қаласында – 32 үй, Шиелі ауданында – 1 үй, Жаңақорған ауданында – 1 үй) күрделі жөндеуге республикалық бюджеттен 2079,45 млн. теңге қаражат бөлініп, жөндеу жұмыстары толық аяқталған.

- «Орталықтандырылған сумен жабдықтау мен қамтамасыз етілу» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәндері келесідей болған:

қалаларда – 100,0%;

ауылдық елді мекендерде – 90,5%.

Ведомстволық деректерге сәйкес 2020 жылдың қорытындысымен облыста орталықтандырылған сумен жабдықтау және қамтамасыз етілудің нақты мәні келесідей болған: қалаларда – 100,0%; ауылдық елді мекендерде – 91,3%. Көрсеткіш нәтижелеріне қол жеткізілген.

- «Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 70,0% болса, нақты орындалуы да 70,0%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес 2020 жылдың қорытындысымен жақсы жағдайдағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі 43%-ды *(1042,276 км.)* құраса, қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 27%-ды *(637,608 км.)* құраған.

2-мақсат. Экологиялық ахуалды тұрақтандыру және жақсарту.

- «Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне қатысты оларды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі» нысаналы индикаторының есепті жылға жоспарлы мәні 18,0% болса, нақты орындалуы да 18,0%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес жалпы, облыста қалдықтарды өңдеуді, тасымалдауды және жинауды іске асыратын 15-ке жуық өндіріс субъектілері жұмыс істейді. 2020 жылы 117,0 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтар пайда болса, оның 21,0 мың тоннасы өңделген.

- «Экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру объектілерінің үлесі (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан)» нысаналы индикаторының 2020 жылға жоспарлы мәні 4,82% болса, нақты орындалуы да 4,82%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес 2020 жылға облыста 145 қоқыс полигоны жұмыс істейді, оның ішінде 7 полигон экологиялық талаптарға сәйкес келеді.

- «Халықты сарқынды суды тазартумен қамту» нысаналы индикаторының жылға жоспарлы мәні 54,0% болса, нақты орындалуы 54,8%-ды құрап, көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізілген.

Ведомстволық деректерге сәйкес облыс бойынша тек Қызылорда және Байқоңыр қалаларында ғана сарқынды суларды тазарту қондырғылары бар. Сарқынды суларды тазартумен199,7 мың адам қамтылған.

3.2. Өңірде басқа да бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың *2020-2025 жылдарға арналған* мемлекеттік бағдарламасы.

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігі.

Облыста Индустрияландыру бағдарламасы аясында құны 554,4 млрд. теңгені құрайтын, іске қосылғанда 6,7 мың адамды жұмыспен қамтитын 26 жоба жүзеге асырылуда:

«Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау» картасында – құны 183,6 млрд.теңгені құрайтын, іске қосылғанда 4,2 мың адамды жұмыспен қамтитын – 23 жоба;

Республикалық картада – құны 370,6 млрд. теңгені құрайтын, іске қосылғанда 2,4 мың адамды жұмыспен қамтитын – 3 жоба.

2020 жылы жалпы құны 1,5 млрд. теңгені құрайтын, толық қуаттылыққа шыққанда 172 адамды жұмыспен қамтитын 3 жоба іске қосылды:

1) «Сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-нің «Тауарлы балықты өсіру және терең өңдеу кешенін кеңейту цехының I кезеңі – балықты тереңінен өңдеу цехы. Жоба құны - 401,8 млн.теңге *(1 кезең - 60 млн. теңге)*, қуаттылығы – күніне 4,8 мың кг балық филесы, 400 тонна қақталған және ысталған балық, жұмыс орны – 22 адам, жүзеге асырылу орны – Арал ауданы.

Бірінші кезең – балықты тереңінен өңдеу цехы 2020 жылдың қараша айында іске қосылды. Бүгінгі күні, 100 тоннадан аса балық өнімі Ресейге экспортталды.

2) «Қазақстан Аквакультура ЛТД» ЖШС-нің «Балықты тереңінен қайта өңдеу зауыты мен пластикалық қайық жасау цехын салу» жобасы. Жоба құны – 160 млн.теңге, қуаттылығы – жылына 4 мың тонна балық өңдеу, жұмыс орны –100 адам, жүзеге асырылу орны – Арал ауданы. Цех 2020 жылдың желтоқсан айында іске қосылды.

3) «Dana Quartz» ЖШС-нің «Арал ауданындағы кварц құмын байыту бойынша тау-кен байыту комбинатының бірінші желісі» жобасы. Жоба құны – 992,2 млн. теңге, жұмыс орны – 50 адам, қуаттылығы – сағатына 5 тонна *(жылына 70 мың тонна)*, жүзеге асырылу орны – Арал ауданы.

Жобаны іске асыру мақсатында «Байқоңыр ӘКК» АҚ-мен «AralQuartz» ЖШС-ның бірлескен кәсіпорны құр

«Қызылорда облысының мемлекеттік мекемелеріне талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын 2019-2020 жылдары жүзеге асырылған.

Жобаның мақсаты – ұзындығы 69699 метр құрайтын талшықты-оптикалық байланыс желілерін жүргізу және Қызылорда облысының 77 мемлекеттік органын бірыңғай шлюз арқылы жоғары жылдамдықты, қорғалған интернетпен қамтамасыз ету;

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» ҚР-ның 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Кодексінің 163-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 27 сессиясының 2019 жылғы 7 ақпандағы № 298 шешімімен міндеттемелер қабылданған.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі – мемлекеттік органдарға кең жолақты қол жетімділікті қамтамасыз етуге арналған деректерді беру желілерінен, жабдықтардан, жабдықтарды орналастыруға арналған құрылыстардан тұратын мүліктік кешен.

Жоба міндеттері:

- Қызылорда облысының Қызылорда қаласы мен аудандарында орналасқан мемлекеттік мекемелердің объектілері үшін деректерді беру желісіне қол жеткізу тораптарынан оптикалық байланыс желілерін өткізу;
- деректерді беру қызметтерін ұсыну үшін желінің техникалық сипаттамаларын қамтамасыз ету;
- аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық орта құру;
- ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ұсынылатын заманауи қызметтердің сапасын арттыру, кеңейту.

МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері:

Жобаны іске асырудың жалпы мерзімі – 3 жыл;

Жобаның басталуы – 2019 жылдың наурыз айы;

Жобаның аяқталуы – 2022 жылдың ақпан айы.

Мемлекеттің тұтыну кепілдігінің жалпы сомасы 260 631,0 мың теңгені құрайды, оның ішінде қосылған құн салығы – 27 924,8 мың теңге:

- 2019 жылы – ҚҚС есебімен 77 914,0 мың теңге;
- 2020 жылы – ҚҚС есебімен 84331,0 мың теңге;
- 2021 жылы – ҚҚС есебімен 84 331,0 мың теңге;
- 2022 жылы – ҚҚС есебімен 14 055,0 мың теңге.

МЖӘ жобасының нәтижелері:

- Қызылорда облысының 77 мемлекеттік органдарына арналған оптикалық байланыс желілерін жүргізу;
- 77 мемлекеттік органды бірыңғай шлюз арқылы Интернетке қауіпсіз, жоғары жылдамдықты қол жетімділікпен қамтамасыз ету.

Талшықты-оптикалық байланыс желілері объектілерінің орналасуы:

– Қызылорда қаласында– 15 объект;
– Арал қаласында– 3 объект;
– Әйтеке би кентінде– 7 объект;
– Жосалы кентінде– 10 объект;
– Жалағаш кентінде– 12 объект;
– Тереңөзек кентінде– 7 объект;
– Шиелі кентінде– 12 объект;
– Жаңақорған кентінде– 11 объект.

МЖӘ жобасын іске асыру нәтижесінде келесілер салынды:

- Қызылорда қаласында: 52396 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі;
- Арал қаласында: 2520 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі, 2400 метр 2 ұңғылы кабельдік арналарға арналған құрылғы;
- Әйтеке би кентінде: 7405 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі, 10520 метр 2 ұңғылы кабельдік канал жүйесі;
- Жосалы кентінде: 5857 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі, 2062 метр 2 ұңғылы кабельдік арналарға арналған құрылғы;
- Жалағаш кентінде: 9995 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі, 3570 метр 2 ұңғылы кабельдік каналдарға арналған құрылғы;
- Тереңөзек кентінде: 2720 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі, 1220 метр 2 ұңғылы кабельдік каналдарға арналған қондырғы;
- Шиелі кентінде: 9459 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі, 1691 метр 2 ұңғылы кабельдік каналдарға арналған қондырғы;
- Жаңақорған кентінде: 6070 метр талшықты-оптикалық байланыс желісі, 6070 метр 2 ұңғылы кабельдік канал құрылғысы.

77 мемлекеттік орган – ADSL технологиясын пайдалана отырып, Интернетке кірудің 112 нүктесін қолданатын «Қазақтелеком» АҚ-ның филиалының қолданыстағы клиенттері.

Мемлекеттік аудит барысында Шиелі ауданы, Шиелі кенті, И. Әбдікәрімов көшесі № 11 мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан, МЖӘ жобасымен қамтылған «Шиелі аудандық ветеринария бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шиелі ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №22-Қ қаулысымен таратылып, қызметін тоқтатқандығы анықталды. Сондай-ақ, визуалды бақылау кезінде аталған мекеме орналасқан жайлардың 2020 жылдың сәуір айынан бастап бос және пайдаланылмай тұрғандығы анықталды. Осы орайда:

Бюджет кодексінің 4-бабы 12-тармақшасындағы тиімділік қағидатының талаптары сақталмай, Жекеше әріптес тарапынан ұсынылған ай сайынғы көрсетілген қызметтердің сәйкестігі туралы актілеріне сәйкес 2020 жылдың сәуір-тамыз айларына (5 айға) 59,6 мың теңгеден барлығы 298,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз төленгендігі анықталған.

Мемлекеттік әріптес тиісті ауданның әкімдігіне МЖӘ жобасының шеңберінде бюджет қаражаты Жекеше әріптеске ай сайын төленіп отырғандығын ескере отырып, аталған ғимараттағы бос жайға басқа мемлекеттік органды орналастыру жөніндегі ұсынысты енгізу немесе Шартта көзделген, дегенмен пайдаланылмай тұрған кең жолақты интернет нүктелерінің орнына МЖӘ жобасымен қамтылмаған, алайда талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы кең жолақты интернетті өз қаражаты есебінен пайдаланып отырған мемлекеттік органдардағы интернет нүктелеріне ауыстыру бойынша шараларды қабылдауы тиіс.

Мысалы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі № 44 мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан «Қармақшы аудандық ветеринария бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қармақшы ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 75 қаулысымен таратылып, босаған жайға Қармақшы аудандық қаржы бөлімінің «Ауданның коммуналдық меншігіндегі ғимараттандағы бос жайға орналастыру туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 14 бұйрығымен «Қармақшы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі орналастырылған.

Сол сияқты, Қазалы, Жалағаш және Жаңақорған аудандарының ветеринария бөлімдерінің жайларына басқа мемлекеттік органдарды орналастыру арқылы немесе орнына басқа мемлекеттік органдардың интернет нүктелерін МЖӘ жобасымен қамту арқылы Шарттағы тізімде атауларын өзгерту бойынша тиісті шаралар қабылдау қажет.

Сондай-ақ, аудандардың құрылыс бөлімдері мен сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің қосылып, қайта құрылуына байланысты Шарттағы тізімде атауларын өзгерту және олардың интернет нүктелерінің бөлінісін қайта қарау бойынша тиісті шаралар қабылдануы тиіс.

Сонымен қатар, Жекеше әріптеспен 2019 жылдың наурыз айына 2019 жылғы 8 сәуірде ұсынылған көрсетілген қызметтердің сәйкестігі туралы актісінің негізінде, Мемлекеттік әріптеспен МЖӘ жобасы бойынша көрсетілетін қызметтер көлемін мемлекеттік тұтыну кепілдігінің шеңберінде Жекеше әріптеске наурыз айына тиісті төлем жүргізілгендігін ескере отырып, пайдаланушы болып табылатын 13 мемлекеттік органдар тарапынан 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларына барлығы 1 597,4 мың теңгеге, оның ішінде наурыз айына 532,5 мың теңгеге негізсіз мемлекеттік сатып алу шарты жасалып, төлем жүргізілгендігі анықталған.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында халықтың цифрлық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін компьютерлік дағдыларын арттыруға бағытталған «Халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі» нысаналы индикаторы қарастырылған.

2020 жылы облыс бойынша халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін 81,5%-ға жеткізу үшін 15 000 адамды оқыту жоспарланған.

Цифрлық сауаттылыққа оқыту 5 бағыт бойынша жүргізілген: «Базалық цифрлық дағдылар», «Электрондық үкімет және электрондық мемлекеттік қызметтер», «Ашық үкімет», «Электрондық сауда», «Ақпаратты қорғау дағдылары».

Халыққа арналған цифрлық сауаттылыққа оқыту курстары тұрақты және ақысыз негізде жүргізілуде.

2020 жылы пандемияға байланысты цифрлық дағдыларды оқыту ҚР ЦДИАӨМ – digitalkz.kz сайтында, телеграм каналдар мен әлеуметтік желілер (Facebook, instagram) арқылы жүргізілген. Жалпы, облыс тұрғындарының цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстарының нәтижесінде 2020 жылы 15 345 адам немесе жоспардың 102,3%-ы оқудан өткен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты - Тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту.

Бағдарламаның халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру жөніндегі мақсатына қол жеткізу үшін оны іске асыру 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды, соның ішінде:

1) Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй салу;
2) Кредиттік тұрғын үй салу;
3) Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту;
4) Жеке құрылыс салушыларды тұрғын үй салуға ынталандыру;
5) Квазимемлекеттік сектор субъектілерін тарта отырып, тұрғын үй салу.

Бағдарлама шеңберінде өңірлердің ресурстық әлеуетін, табиғи-климаттық ерекшеліктерін және экономикалық маманданын негізге ала отырып, ел аумағын дамытудың шоғырландырылған стратегиясын іске асыру үшін макроөңірлердің өңіраралық схемалары әзірленген.

2018 жылы Қызылорда қалаларында 14,9 мың га түгенделді. 2019 жылы Қызылорда қалаларында 11,8 мың га жерасты және жерүсті коммуникацияларын түгендеу жалғастырылды.

Бүгінгі күні облыстық, аудандық және базалық деңгейлер тек Қызылорда облысында ғана толық қалыптастырылған.

Әлеуметтік және тұрғын үй объектілерінің құрылысына арналған бюджет шығыстарын жоспарлау кезінде Құрылыс жобалары банкінен үлгілік жобаларды және қайта қолданылатын жобаларды басымдықпен қолдану тетігі іске асырылады.

Құрылыс саласын үлгілік жобалармен қамтамасыз ету ЖСҚ әзірлеуге арналған бюджет шығыстарын орта есеппен 30 %-ға қысқартуға және жобалау мерзімдерін 9 айдан 6 айға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Дегенмен, облыс бойынша типтік жобаларды әзірлеу, оларды қолдану әлі күнге орындалмай келеді. Мәселен Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округіне 150 орындық клуб құрылысына 7602,6 мың теңге бөлінсе, Қарауылтөбе ауылдық округіне 150 орындық клуб құрылысына да 7602,6 мың теңге, «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдықокругі, Ақсуат ауылына 150 орынға арналған ауыл клубын салу» жобасын әзірлеуге 7172 мың теңге, Жаңақорған ауданы Өзгент ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб құрылысын жобалауға 3488,3 мың теңге, Қызылорда облысы, Арал ауданы Шижаға елді мекенінен салынатын 100 орындық ауылдық клубтың ЖСҚ әзірлеуге 7000 мың теңге, «Жанақорған ауданы Шалқия кентіндегі 150 орындық ауылдық клуб құрылысы» жобасының жобасметалық құжатын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге 9229,2 мың теңге бөлінген.

2020 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 19,8 млрд. теңге бөлінген *(республикалық бюджеттен – 8,1 млрд. теңге, облыстық бюджеттен - 5,5 млрд теңге, облигациялар шығару есебінен – 6,2 млрд. теңге)*.

Нәтижесінде 1988 пәтерлі 100 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп, оның 408 пәтерлі 39 тұрғын үйлері пайдалануға берілген. Оның ішінде:

1) Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйлер бойынша 815 пәтерлі 20 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді,оның ішінде Қызылорда қаласында 725 пәтерлі 15 тұрғын үй, Шиелі ауданында 90 пәтерлі 5 үй бар.

Одан басқа, 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту бағдарламасы аясында Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде 42 пәтерлі 2 тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жыл ішінде барлығы 150 пәтерлі 5 жалға берілетін тұрғын үй пайдалануға берілді *(Қызылорда* қаласында – 90 пәтерлі 2 үй, Шиелі ауданында*– 18 пәтерлі 1 үй, Сырдария ауданында – 42 пәтерлі 2 үй)*.

2) Кредиттік тұрғын үй бойынша 755 пәтерлі 68 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, оның ішінде Қызылорда қаласындағы СПМК-70 тұрғын ауданында – 640 пәтерлі 13 көп қабатты тұрғын үй, Арал, Қазалы, Жалағаш, Шиелі аудандарында – 115 пәтерлі 55 үй.

2020 жылы үш ауданда 90 пәтерлі 30 бір қабатты тұрғын үй пайдалануға берілген *(Арал ауданында 40 пәтерлі 10 үй, Қазалы ауданында 40 пәтерлі 10 үй, Жалағаш ауданында 10 пәтерлі 10 үй)*.

3) Жеке коммерциялық құрылыс салушылар есебінен 376 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілген, 2020 жылдың соңында 168 пәтерлі 4 тұрғын үй пайдалануға берілген.

Одан бөлек, жергілікті бюджет қаражаты есебінен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін Қызылорда қаласында 10 тұрғын үй және Жаңақорған ауданының Жаңақорған кентінде 18 пәтерлі үй сатып алынған.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның 25 жобасын іске асыруға 5,1 млрд.теңге бөлініп *(республикалық бюджеттен – 2,7 млрд. теңге, облыстық бюджеттен – 2,4 млрд. теңге)*, 2020 жылы облыс бойынша 191,8 шақырым инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым пайдалануға берілген.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының іске асырылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша аудиторлық қортындысына сәйкес Қызылорда облысы мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды өтеу жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамау, сондай-ақ «Бәйтерек девелопмент» АҚ ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның талаптарын сақтамау фактілеріне жүйелі түрде жол бергені;

Конкурстық рәсімдердің уақтылы өткізілмеуі, жобалау-сметалық құжаттарына түзету, жұмыс жүргізу кестесінен артта қалу жалпы Ақтөбе, БҚО, Қызылорда, Түркістан облыстарында игерудің болмауына әкеп соқтырғаны анықталған.

Бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алу үшін бастапқы жарнасы бар ЖАО-да кезекте тұрғандарға ғана «5-10-20» бағдарламасы бойынша жеңілдікпен кредит беру азаматтардың көрсетілген санаты үшін жеткіліксіз тартымдылықты көрсетті.

Шын мәнінде, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған адамдар тегін тұрғын үй алу мүмкіндігіне ие бола отырып, пәтерлерді несиеге сатып алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге толық мүдделі емес.

Нәтижесінде, 210 000,0 млн. теңге сомасында көзделген қаражаттан ҚР Ұлттық Банкі «ҚТҚЖБ» АҚ-ға 90 000,0 млн. теңге бөлді, оның 10 123,1 млн. теңгесі немесе 2020 жылғы жоспардың 4,8%-і 1 077 қарыз беру жолымен игерілген.

Республикада өңірлер бөлісінде халыққа кредит беру үшін ҚТҚЖБ бөлген қаражаттың игерілуі туралы ақпарат (23.09.2020 ж. жағдай бойынша)

Өңірдің атауы	ҚТҚЖБ берген қарыздар саны, бірлік	Берілген қарыздар саны, млн. теңге
БАРЛЫҒЫ	**1 077**	**10 123,102**
Ақмола	118	1 120,084
Ақтөбе	55	389,355
Алматы	3	41,578
Атырау	245	2 553,747
ШҚО	18	141,949
Жамбыл	52	433,742
БҚО	108	785,570
Қарағанды	17	134,721
Қостанай	159	1 251,298
Қызылорда	3	27,023
Маңғыстау	7	71,598
Павлодар	120	998,644
СҚО	0	0
Түркістан	0	0
Шымкент қ.	17	176,548
Нұр-Сұлтан қ.	20	213,277
Алматы қ.	135	1 783,986

Қарыз беру бойынша ең төмен көрсеткіштер (3-7) Алматы, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында байқалады, ал Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарында мүлдем жоқ, бұл көрсетілген өңірлердің халықты жеңілдетілген кредиттеумен қамтамасыз етуге дайын еместігін көрсетеді.

IV БӨЛІМ.ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

4.1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігін бағалау

«2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №374 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысының әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы №129 қаулысының 4-қосымшасына сәйкес 2020 жылға бекітілген бюджетте облыстық даму бюджеттік бағдарламаларын іске асыруға 40 168 600,0 мың теңге қаражат бөлінген.

Есепті жылдың көлемінде жүргізілген нақтылаулар мен түзетулердің нәтижесінде облыстық даму бюджеттік бағдарламаларының жалпы сомасы 67 356 333,7 мың теңгені құрап, бекітілген көрсеткішке қарағанда 27 187 733,7 мың теңгеге артқан. Түзетілген облыстық даму бюджетінде республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің жалпы сомасы 26 101 181,0 мың теңгені, республикалық бюджеттен берілген кредиттер 3 298 701,0 мың теңгені, облыстық бюджет қаражаты 37 956 451,7 мың теңгені *(оның ішінде ішкі қарыздар есебінен 19 138 107,5 мың теңге)* құраған.

2020 жылы мемлекеттік органдардың объектілерін дамытуға 669 208,7 мың теңге бөлініп, толық игерілген. Аталған қаражатқа «Қызылода қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында әкімшілік ғимаратының құрылысы» жобасының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілсе, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде әкімшілік ғимаратының және Қызылода қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында әкімшілік ғимаратының құрылысы жүргізіліп, 2 нысан да пайдалануға берілген.

Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салуға 114 500,3 мың теңге бөлініп, толық игерілген. Аталған қаражатқа Қызылорда облысы Қармақшы және Шиелі аудандық ішкі істер бөлімдерінің әкімшілік ғимараттарына уақытша ұстау бөлмелері үшін жапсаржай орналастыру мақсатында реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп, 2 нысан да пайдалануға берілген. Сондай-ақ, «Қызылорда қаласындағы қалалық ішкі істер басқармасының әкімшілік ғимаратын уақытша ұстау бөлмелері үшін жапсаржай орналастыру мақсатында реконструкциялау» және «Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінің әскери және арнайы дайындығы бойынша оқу-жаттығу полигонының құрылысы» жобалары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілген. бұл 2 нысан да 2021 жылға өтпелі.

Білім беру объектілерін дамытуға 4 222 268,7 мың теңге бөлініп, оның 2 512 589,5 мың теңгесі игерілді. Есепті кезеңнің соңына игерілмеген қаражат сомасы 1 179 775,2 мың теңгені құраған. Қаражаттың игерілмеуі «Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінде 600 орындық мектептің құрылысы» және «Қармақшы ауданы жаз-қыс мезгілдерінде балалар демалысы үшін 150 орын лагерь құрылысы» жобалары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының кешігуінен, сондай-ақ, «Қызылорда қаласының сол жағалауында физика-математикаға бейімделген 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернатының құрылысы» жобасының жоба-сметалық құжаттамасының сараптама қорытындысының дайын болмауынан орын алған.

Сонымен қатар, 4 нысан пайдалануға берілсе, 5 нысанның құрылысы 2021 жылға өтпелі. Одан бөлек, 3 жобаның жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары 2021 жылға өтпелі.

Денсаулық сақтау объектілерін дамытуға 10 581 745,7 мың теңге бөлініп, 10 411 838,7 мың теңгесі игерілген, 169 906,9 мың теңге «Қызылорда қаласында 200 төсектік орынға арналған тез салынатын модульдік жұқпалы аурулар ауруханасының құрылысы» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының кешігуінен игерілмеген.

Сонымен қатар, 2 нысан пайдалануға берілсе, 1 нысанның құрылысы 2021 жылға өтпелі. Одан бөлек, 2 нысанның жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу 2021 жылға өтпелі.

Тұрғын үй құрылысын жүргізуге есепті кезеңде 14 608 139,8 мың теңге бөлініп, 19 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылған. Есепті кезеңнің соңына бөлінген қаражат толығымен игерілген.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 5 224 806,3 мың теңге бөлініп, 41 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылған. Есепті кезеңнің соңына бөлінген қаражат толығымен игерілген.

Ғазбен қамту саласында жалпы құны 5 016 086,4 мың теңгені құрайтын 21 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылған. 2020 жылдың қорытындысымен «Қармақшы ауданы Жосалы кентіне газ жеткізу құбырының және кварталішілік газ тарату желілерінің құрылысы» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының кешігуіне байланысты 244 347,6 мың теңге игерілмеген. Сондай-ақ, 2020 жылдың қорытындысымен 5 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілсе, 5 нысанның құрылысы 2021 жылға өтпелі. Сонымен қатар, 11 жобаның құжаты әзірленген.

Жылумен қамту саласында құны 2 257 493,8 мың теңге құрайтын 11 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылған. 2020 жылдың қорытындысымен 4 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 1 жобаның құжаты әзірленді, 6 нысан құрылысы өтпелі.

Ауыз сумен қамту жүйелерін және кәріз желісін дамытуға 6 718 745,0 мың теңге бөлініп, 15 инвестициялық жоба іске асырылған. 2020 жылдың қорытындысымен 15 жобаның 13-і пайдалануға берілсе, 1 жоба 2021 жылға өтпелі, 1 жоба бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленген.

Электроэнергия жүйелерін дамыту саласында құны 3 053 091,0 мың теңге құрайтын 3 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылды.2020 жылдың қорытындысымен 3 жобаның 3-уі де пайдалануға берілді.

Мәдениет объектілерін дамытуға 900 868,0 мың теңге бөлініп, 7 250,6 мың теңгесі игерілмеген. Бөлінген қаражатқа 5 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылған, оның ішінде 4 жоба бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілсе, 1 жоба бойынша жоба-сметалық құжаттамасы әзірленген. Игерілмеген қаражаттың 384,3 мың теңгесі «Қызылорда қаласы Белкөл елді мекенінде 150 орындық клуб құрылысы» жобасының жоба-сметалық құжатын әзірлеуден, 6 866,2 мың теңгесі «Шиелі аудандық тарихи- өлкетану ғимаратына қосымша құрылыс жұмыстары» жобасынан қалыптасқан.

Спорт объектілерін дамытуға 835 666,3 мың теңге бөлініп, 16 бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылған, оның ішінде 6 жоба бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілсе, 10 жоба бойынша жоба-сметалық құжаттамалары әзірленген. Жылдың соңында 52 491,2 мың теңге игерілмеген. Игерілмеген қаражат «Қызылорда қаласы Гидроузел көшесі №21 мекен-жайынан салынатын байдарка және каноэ есу базасы құрылысы» жобасынан қалыптасқан.

Ветеринария саласында мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлар) құрылысына 124 001,5 мың теңге бөлініп, 13 инвестициялық жоба іске асырылған. Жылдың қорытындысымен 9 нысанның құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілсе, 4 жоба бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленген.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға 3 424 388,1 мың теңге қаражат бөлініп, жылдың соңында 102 941,5 мың теңге қаражат игерілмеген. Игерілмеген қаражаттың 100 000,0 мың теңгесі «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы басты көше жолының «Батыс Европа-Батыс Қытай» автотрассасымен жанасатын жерінде көлік айырығын салу» жобасынан құрылыс-монтаждау жұмыстарының кешігуінен қалыптасса, 2 941,5 мың теңгесі «Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы қозғалысы реттелетін жалпы қалалық маңызы бар магистралды көше жолдарын Мұратбаев көшесі бойындағы бұрыннан бар көпірден «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автотрассасына дейін жол құрылысы» жобасынан үнемделу есебінен қалыптасқан.

Қоршаған ортаны дамыту саласына 460 199,0 мың теңге бөлініп, «Арал қаласында тұрмыстық қатты полигон құрылысы» жобасына 110 199,0 мың теңге, «Су алудың алдын алу мақсатында Қызылорда қаласының маңындағы Сырдария өзенінің арнасын тазалау» жобасына 350 000,0 мың теңге бағытталып, қаражат толығымен игерілген. Аталған 2 жоба да пайдалануға берілген.

«Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген қағидалардың 15-тармағына сәйкес «Бюджеттік бағдарламаның нәтижелері:мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында не аумақтарды дамыту бағдарламаларында айқындалған нысаналы индикаторлармен өзара байланысады» – делінген талабы бұзылып, облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының 288 009 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру», 288 014 «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері», 288 024 «Спорт объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламаларының, сондай-ақ облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының 268 002 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижелері даму бағдарламасында айқындалған тиісті нысаналы индикаторлармен өзара байланыстырылмаған.

Атап айтқанда, 288 009 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру» және 288 014 «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері» бюджеттік бағдарламаларының түпкілікті нәтижелері даму бағдарламасының «Бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз ету» нысаналы индикаторымен, 288 024 «Спорт объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижесі даму бағдарламасының «Халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі» нысаналы индикаторымен, 268 002 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижесі даму бағдарламасының «Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі» нысаналы индикаторымен өзара байланыстырылмаған.

Бұл ретте, Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының бюджеттік бағдарламалары 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №193-НҚ бұйрықпен қайта бекітілсе, Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бюджеттік бағдарламалары 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 01-4/153 бұйрықпен қайта бекітіліп, жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның келісімі алынған.

«Нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №126 бұйрығымен бекітілген қағидалардың 7-тармағындағы «Іске асырылуына қаражат республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түрінде бөлінетін ЖБИ-ді қаржыландыру көлемі 3%-дан кем емес мөлшерде айқындалатын Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті бюджетін қоспағанда, ЖБИ-ді жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі барлық салалар бойынша әрбір жаңа жергілікті инвестициялық жоба бойынша жоспарлы кезеңге кемінде 10% мөлшерінде айқындалады» – делінген талабы сақталмай, 2020 жылы іске асырылуына қаражат республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түрінде бөлінген 7 жергілікті инвестициялық жоба бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі 10%-дан кем белгіленген.

Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуының жылдық мониторингі Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына 2021 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылмаған.

2018 жылмен салыстырғанда 2020 жылдың даму бюджетінің өсу қарқыны 23,4 пайызды немесе 12808946,9 мың теңгені құрайды. Бұл өсімненішкі қарыздар есебінен шығарылған 19 138 107,5 мың теңгені шегеретін болсақ облыстың даму бюджетінің көлемінің 6329160,6 мың теңгеге азайғанын байқауға болады.

Сонымен қатар, даму бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет қаражаты есебінен әзірленген жобалау-сметалық құжаттарының Қазақстан Республикасы Құрылыс заңдылықтарына сәйкес үш жылдың ішінде жүзеге асырылуына мән берілуі тиіс.

2018-2020 жылдары облыс бойынша 2586947,7 мың теңгеге салалар бойынша 291 бюджеттік инвестициялық жобалардың жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге қаражат бөлінген. Жобалардың сметалық құны 84 799 683,1 мың теңгені құрайды (құрылысы 2021 жылы бастауға қаражат бөлінген жобаларды есепке алмағанда).

2019 жылы жобалары әзірлеуге қаражат бөлінген Қызылорда қаласында IV санаттағы жылына жоспар бойынша 5000-10000 донацияға арналған облыстық қан орталығының құрылысы», Қызылорда қаласындағы ауысымына 100 келушіге арналған емханасымен қоса 300 төсекке арналған онкологиялық аурухана, «Қызылорда қаласы Ғ.Мұратбаев көшесі №1 мекен жайындағы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның футбол алаңын жылыту қазандығы құрылысы» жобаларына 2020 жылдың қорытындысымен сараптама қорытындысы алынбаған, жобалардың құны анықталмаған.

2021 жылдың 1 қаңтарына тапсырылған шоғырландырылған баланс мәліметтері бойынша жыл соңында аяқталмаған құрылыс және күрделі салым көлемі 30 153 635,9 мың теңге болып, 2019 жылман салыстырғанда 2052592,9 мың теңгеге артып отыр.

Мемлекеттік –жекеменшік әріптестік жобалары бойынша жасалған шарт сомасы 12828594,0 мың теңге болса, 2019 жылы 3284720,0 мың теңге төленген.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі 3-10 жыл екенін және облыстық бюджет қаражаты есебінен 2019 жылы 35 жоба әзірленгенін ескере отырып, қабылданған міндеттемелерді сапалы орындауға бюджеттің мүмкіндігін есепке алу қажет.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалар тізбесіне сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18911056,3 мың теңгеге әртүрлі кезеңдегі 62 жоба бар. Жасалған шарттар бойынша 62 жобаның ішінде білім беру саласының үлесіне мемлекеттік жеке-меншік әріптестің жобаларының 14 жобасы келеді немесе жобалар санынан шаққанда 22,6 пайыз. Денсаулық сақтау саласында 26 жоба (42 %), әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт – 17 жоба (27,4 %), инфрақұрылымдық, цифрландыру жобалары – 5 (8 %).

Қаржы басқармасының деректері бойынша ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қазынашылық органдарында төлемдер кестесіне сәйкес жалпы сомасы 17388773,5 мың теңгеге мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің 59

Тегіміздегі «тәуелділік жалғауы»

«Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шыққан. Оның мәтіні мынадай: Қазақстан Республикасы азаматтарының тегі мен әкесінің атын қазақша жазу тәжірибесін қазақ халқының қалыптасқан тарихи дәстүрлеріне сәйкес келтіру жөніндегі көптеген өтініш-тілектерін ескере келіп, қаулы етемін:

1. Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес

аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде азаматтың жынысына қарай «ұлы» немесе «қызы» сөздері қосылып, бірге жазылады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және жеке басының куәлігін берген кезде құжаттандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы Жарлықтың 1-тармағында көзделгендей, тегі мен әкесінің атының жазылуын оңайлатылған тәртіппен, азаматтық хал-ахуалын жазу актілеріне өзгерістер енгізусіз жүргізеді деп белгіленсін.

Осы орайда айта кетерлігі, тегімізді қазақшалауда белгілі бір тәртіпке бағынбаса болмайды. Бұған байланысты филология ғылымдарының докторы Шерубай Құрманбайұлы баспасөзге берген бір сұхбатында бүгінде елімізде аты-жөнімізді атаудың 18 түрі бар екенін, мұндай жүйесіздікті жөнге келтіру керегін жеткізген екен. Ғалымның айтуынша, бір адамның басында қаншама құжат бар, сол құжаттардың барлығы бір ғана үлгімен жазылса және ол өз ұлтымыздың мәдениетіне сай болса құба-құп. Негізінде, тегімізді жазудың ең кең тараған, ұлттық дәстүрімізге сай екіүш үлгісіне тоқтаған жөн. Оны да жақсылап талқылап, мамандармен ақылдасып, біріншіден, қазақ ұлтының өкілі екенімізді, екіншіден, қазіргі замандағы түрлі құжаттарды толтыруда тиімді болатын нұсқаларын бекітуіміз керек. Сонда біз де өзге халықтар сияқты қай ұлттың өкілі екеніміз аты-жөнімізден көрініп тұратындар қатарында боламыз. Әр ұлттың аты-жөн жазу дәстүрі мен үлгісі оның төлқұжаты іспеттес. Қазақтың да аты-жөні оның бет-бейнесін, кім екенін көрсетіп тұрғаны жөн.

Тақырып төңірегінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Болат Боранбайдың пікірін сұраған едік:

– Ескі құжаттарда қазақша аты жөніміз: өзі және әкесінің есімімен, мысалы, Болат Боранбайұлы деп жазылса, ал әйелдердің ішінде атасының есіміне келіні деген сөз жалғанған. Айталық, Рахия Елтайкеліні деген нұсқадағы құжаттар кездеседі. Сол сияқты, атақты адамдардың есімінің алдына руы жазылған жағдайлар да бар, яғни, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай деген сынды. Кезінде патшалық Ресейдің пәрменіне қарсы тұрып, Алаштың азаттығын аңсап өткен Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай сынды ұлт көсемдерінің ұстанымы да біз үшін бұлжымас бағыт десек болады. Тіпті жарты әлемді билеген кеңес өкіметінің тұсында өз есімін Бауыржан Момышұлы деп тайсалмай мойындатқан Халық қаһарманының ерлігін қалайша ұмытармыз?!

Ал енді «ов», «ев» жалғауы туралы айтар болсақ, оның астары тым терең, барлап қарасақ, тіпті анайы тұжырымға барып тіреледі. Ол туралы бірқатар ғалымдар егжей-тегжей дәлелдеп жазған. Сондықтан тегімізге таңба боп түскен бұл жалғаудан мүмкін болғанша құтылғанымыз жөн, – дейді ғалым.

Иә, осыған дейін тарихымызда аты-жөнімізді жазудың мынадай да үлгісі болған деседі: шығыс септігінің «нан»-«нен» (дан-ден, тан-тен) жалғаулары арқылы, мысалы: Құнанбайдан Абай, Құдайбердіден Шәкәрім немесе Уәлиханнан Шоқан Шыңғысұлы деген сияқты... (Есімдер тек мысалға алынып отыр.) Айта кетейік, бұл жерде адам өзінің тегіне қай атасын жазса да болады, өйткені қазақта «жеті ата» деген бұлжымайтын заңдылық бар. Сол заңдылықпен ол адамның кімнің ұрпағы екені өз-өзінен айқындалып тұрады. Бір қарағанда, осы үлгі де қолайлы көрінеді. Өйткені қазіргі күні адамның өз аты мен әкесінің атын шатастыруы себебінен де қиындықтар туындап отыр. Қалай дейсіз бе? Бұл жайында әлеуметтік желіде бір азамат сөз қозғады. Оның айтуынша, мектепте оқитын баласының аты-жөнін айыра алмай, шатастыратын мұғалім әлгі баланы тәртіпке шақырған сайын әкесіне тіл тигізетін көрінеді. Бұл жерде мән беретін мәселе: жоғарыда айтып өткеніміздей, аты-жөнімізді жазуда бірінші өз есіміміз тұруға тиіс. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы деген сынды. Ал тегі, аты, әкесінің аты деген – орысша үлгі. Десек те, мектептерде сол бұрынғы үлгімен, журналға бірінші тегі жазылады. Шатасу осыдан туындайтыны белгілі.

Қалалық АХАЖ бөлімі мамандарымен сөйлесіп көрген едік, олардың айтуынша, баланың аты-жөні ата-анасының таңдауына қарай қазақша немесе бұрынғы орысша үлгіде беріледі. Бірақ бүгінде дүниеге келген баланың 90%-нің туу туралы куәлігіне аты-жөні қазақша жазылады екен. Ал құжат бес жұмыс күні ішінде толық рәсімделіп, қолға тиеді. Сондай-ақ, туу туралы куәлігі бұрынғы үлгіде жазылғанымен, азаматтардың өз қалауымен жеке куәлігін немесе басқа құжаттарын қазақшалауға еш кедергі жоқ.

Бір қуанатынымыз, жиырма жылдың ар жақ бер жағында дүниеге келген балалардың құжаттары қазақша рәсімделген. Бұл жерде кеңес өкіметінің соңын көрген, яғни, 1970-1980 жылдар аралығында туғандар құжатымызды қазақшалауымыз керек сияқты. Ал 1950-1960 жылғы туғандар, зейнет жасындағылар және соған жақын қалғандар, олар үшін аты-жөнін өзгерту міндетті бола қоймас. Айта кетейік, жеке куәлікті қазақшалаған күнде басқа құжаттарды өзгертудің қажеті болмайды. Тек ауыстыратын құжат және оның көшірмесі, туу туралы куәлік және көшірмесі, егер әскер қатарында болса, әскери билет және көшірмесі, мемлекеттік баж салығы, жергілікті ішкі істер органдары бастығының атына өтініш және қажетті көлемде фотосурет. Айталық, жаңа куәлік алған жағдайда қандай да бір құжатыңызды іздеген болсаңыз, компьютер арқылы қазақша аты-жөніңізді (бұрынғы нұсқасы болса да) тергенде тек бір ғана ЖСН нөмірі шығады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, «қазақшалағанның жөні осы екен» деп жан-жаққа тартып, әрқайсымыз өз ойымыздың жетегінде кетпей, белгілі бір ережеге бағынғанымыз жөн. Тасқа басқандай тиянақтылық, біржіділік қажет.

Қалай десек те уақыт – төреші бәрін орнына қояды, яғни, тегіміздегі «тәуелділік жалғауынан» түгелдей арылатын күн алыс емес.

1-бет

Әзірге үш қола

жерлестер қашан сынға түседі?

Алғашқы белдесуінде оған түркиялық Михраш Аққұс жолыққан еді. Айта кетерлігі, Елдос бұл қарсыласымен бұрын-соңды кездесіп көрген емес. Сырын білмейді. Сондықтан ә дегеннен әбжілдік көрсетуге ұмтылды. Өзінің ойлағаны жүзеге асты. Түрік балуанын таза жеңіп, жарысты жалғастыруға мүмкіндік алды.

Ендігі қарсыласы – Оңтүстік Кореядан келген Ким Уон Жин. Әдетте, корей балуандары дзюдодан мықты екені белгілі. Шеберлігімен ерекшеленеді. Елдос екеуі де жиі кездескен еді. Қос балуан арасындағы үш кездесудің екеуінде корей балуаны жеңіске жетті. Біреуінде Елдос басымдық танытты. Олимпиада төрінде төрешілер қазақстандық балуанның қолын көтерді. Осылайша ол жартылай финалға жолдама алды.

Мұндайда жеребе жолдас болмады дей ме? Жартылай финалда Елдосқа жапониялық Наохиса Такатоның жолыққанын қараңыз. Екеуі бұған дейін бес мәрте белдескен екен. Барлығында жапон жігіті жеңіске жеткен. Бұл жолы да Такато жарысты жалғастырды.

Ендігі кезекте қола медаль үшін белдесуде нидерландылық Торнике Тсакодеа қарсылас атанды. Жүлде қол созымда тұр. Жеңілсе одан құр қалады. Тайталас соңына дейін жүрді. Екі балуанның белдесуі «алтын ұпаймен» шешілді. Оған Сметов ие болып, Токио олимпиадасының қола жүлдегері атанды. 2019 жылғы Будапешт Гранприінің жартылай финалында да жеңімпаз атанған еді.

Тағы бір қола жүлдені ауыр атлет Игорь Сон алды. Қазақстандық зілтемірші 61 келіге дейінгі салмақта сынға түсті. Жұлқа көтеруде 131 келіні бағындырса, серпе көтеруде 163 келіні еңсерді. Төрешілер Игорь Сонның екі мүмкіндігін есепке алған жоқ. Қоссайыс қорытындысы бойынша ол 294 келіні бағындырды.

«Токиоға дейін мен мұндай салмақ көтерген емеспін. Демек, бұл – менің ірі жарыстарда көрсеткен ең жоғары нәтижем. Жаттығу залында қарсыластарды бақылап отырдық. Басты қарсыласым зілтемірді қисайтып алған кезде де уайымым кете қоймады. Бәрі болуы мүмкін ғой. Мен жұлқа көтеруден жақсымын, серпе көтеруде біраз қиындық бар. Ал төрешілер есептемей қойған екі мүмкіндікке келер болсақ, екеуінде де шынтағымның қозғалғаны кері әсер етті. Барлығы таза болуы керек», – деді Сон.

Олимпиадада қазақстандық былғары қолғап шеберлері де сәтті ойын көрсетіп келеді. Қазірге дейін шаршы алаңға шыққан Сәкен Бибосынов (52 келі), Серік Теміржанов (57 келі), Закир Сафиуллин (63 келі) алғашқы сынақтарынан сүрінген жоқ. Алда Абылайхан Жүсіпов (69 келі), Әбілхан Аманқұл (75 келі), Бекзат Нұрдәулетов (81 келі), Василий Левит (91 келі) және Қамшыбек Қоңқабаев (91 келіден жоғары) сынды саңлақтардың жекпе-жектерін тамашалайтын боламыз.

Күншығыс еліндегі бәсекеде теннисшілер ала-құла ойын көрсетіп жүр. Елена Рыбакина алғашқы екі кезеңнен іркілмей өтсе, Михаил Кукушкин енді екінші бәсекесін өткізеді. Ал құрама сапынан Ярослава Шведова, Зарина Дияс, Юлия Путинцева және Александр Бублик түрлі себептермен жарыс жолынан шығып қалды.

Әзірге спорттың өзге түрлерінен қазақстандықтар көңіл көншітерлік нәтиже көрсеткен жоқ. Десе де, жүлде қоры толыға түседі деген ойдамыз.

Токио Олимпиадасы 8 тамызда мәресіне жетеді.

Күні кеше кешкілік ауыр атлет Зульфия Чиншанло 55 келіде тағы қола жүлдені қоржынға салды. Ол жұлқы көтеруде әуелі 90 келіні бағындырғанымен, одан кейінгі екі талпыныс нәтижесіз болды. Жүлденің қолдан сусып бара жатқанын түсінген ол серпе көтеруде 213 келіні сәтті еңсере алды. Осылайша қоссайыстың нәтижесімен 223 келіні еншісіне жазып, Олимпиаданың қола жүлдегері атанды.

Айта кетейік, дүбірлі додаға Қазақстан құрамасы небәрі екі ауыр атлетті алып барды. Екеуі де жеңімпаздар қатарынан көрініп, жанкүйерлерге қуаныш сыйлап отыр.

– Қазақстандық ауыр атлеттердің жетістігі бізді қуантып отыр. Түрлі себептерге байланысты ел құрамасы Олимпиадаға шектеулі спортшыларды алып баруға мәжбүр болды. Соған қарамастан сыннан сүрінбей өтті. Бұл қос медаль жоғары бағалауға тұрарлық, – дейді қызылордалық бапкер Нұржан Смаханов.

Сыр спортшыларының жарыс уақыты

Токиода өтіп жатқан XXXII жазғы олимпиада ойындарында Қазақстан намысын жерлестеріміз – ҚР Еңбек сіңірген спорт шеберлері, бокстан Қамшыбек Қоңқабаев пен еркін күрестен Дәулет Ниязбеков және каратэ-додан Әлем чемпионы, ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мөлдір Жаңбырбай қорғайды.

29 шілде күні сағат 14.45-20.10 аралығында бокстан өтетін бәсекеде 91 келіден жоғары салмақта Қамшыбек Қоңқабаев өнер көрсетеді.

5 тамыз күні 17.00-де каратэден 55 келі салмақ дәрежесінде Мөлдір Жаңбырбай, ал 6 тамыз күні 11.30-да еркін күрестен 65 келіде Дәулет Ниязбеков жарыс жолына шығады.

Жерлестерімізге жанкүйер болыңыздар! Сыр спортшыларына сәттілік тілейміз!

КӘСІП пен НӘСІП

Аққұмдағы Ақмарал

Жалағаш ауданындағы Аққұм ауылының тіршілігі өзгелерге үлгі. Мұнда мүлгіген тыныштық жоқ. Жеке кәсіпке бет бұрғандар көп. «Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдауға ие болған Ақмарал Жұмабаеваның да жобасы бүгінде бүтін бір ауылдың қажетіне жарап тұр.

Кондитерлік өнім өндіретін цех ашуды көздеген ол былтыр қайтарымсыз қаржыға ие болған, тұтынушылары жеткілікті. Идеясын игілікке айналдырған Ақмарал бұл ретте тірек елді мекеннің еңсесін тіктеуді көздеген ауыл басшылығына алғыс айтады. Себебі, ол бұған дейін де үйде отырып, сүйікті ісін табыс көзіне айналдыруға тырысқан. Алайда, уақытты үнемдейтін заманауи құрал-жабдықтардың жоқтығы қолбайлау болыпты.

– Алғашқыда «2 мың халқы бар ауылда кәсіптің бұл түрімен айналысудың тиімділігі бола ма?» деген ой мазалады. Бірақ, күдік сейілді. Комиссия мүшелері алдында жобамды сәтті қорғап шықтым. 555 600 теңге көлеміндегі қаржылай қолдау қолға тиген бойда қажетті құрылғыларды сатып алдым. Алға ұмтылу арқылы ойдағы мақсатқа қол жеткізуге болады. Мен секілді іс бастап, ауылды өркендетуге күш салуға асық жастар көп. Бастысы, оларға бағыт-бағдар, істі нөлден бастауға көмек берілуде. Тек ниет керек, – дейді кәсіпкер.

Ақмарал күніне кем дегенде 10-15 тортқа тапсырыс алады екен. Ал, мерекеде сұраныс тіпті көбейеді.

– Торттың өзінің он шақты түрін әзірлеймін. Бағасы 2 мыңнан 7-8 мың теңгеге дейін барады. Сапаға көп көңіл бөлемін. Тұтынушылар риза, осыған қарап, марқайып қаламын. Бұл – мен үшін үлкен мотивация, – дейді ол.

Қазір Ақмаралға жолдасы Жасұлан Бейсенбаев қолғабыс етуде. Отбасылық бизнесті дамытуды көздеген жастар алдағы уақытта мұнан да ауқымды істерді жүзеге асыруға ниетті

Айбарша СЫРЛАН

Жүз күн өтті жүректі қозғап

Аймағымызға белгілі ардагер ұстаз, әулеттің алтын діңгегі, асыл ана, әзиз әже Сабиля Жекенқызы Махатованың дүниеден өткеніне де жүз күннің жүзі болды.

Аяулы анамыз 1938 жылы 18 наурызда Авань балық заводына қарасты Сталин колхозында дүниеге келген.

Ол Авань орта мектебінде жетіжылдық білім алып, Қызылорда қаласындағы қыздар орта мектебінде оқыған. 1962 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын физика-математика мамандығы бойынша бітірген. Арал қаласындағы №86 мектепте 1983 жылға дейін ұстаздық етіп, 1983-1993 жылдары зейнеткерлікке шыққанша санаториялық типтегі балалар бақшасында меңгерушілік қызмет атқарған.

Сабиля ана ұстаздық еткен жылдары оқушылары одақтық олимпиадаға қатысқан. Оның алдынан тәлім алған шәкірттері арасында ғылым докторы, академик атанғандар да бар. Ұстаздың ізденімпаздығы мен біліктілігі әріптестеріне әрдайым үлгі болып, көпжылдық тәжірибесі таратылған.

Сабиля Жекенқызы еңбегі бағаланып, «Қазақ СССР халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Есімі «Қазақ әйелдері энциклопедиясы» жинағына енгізілді.

Алты ұл-қыз тәрбиелеп, немере-шөбере сүйген асылымыз 2021 жылы 29 сәуірде дүниеден озды.

Арада өткен жүз күн біздің жүрегіміздегі сағынышымызды үдете түсті. Асыл жанның бейнесі біздің көзімізден де, көңіліміздан өшпейді. Анамыз әрқашан панамыз еді, енді бәйтерегіміздің саясы көшіп кеткендей, айдынымыздың суы сарқылғандай сезімде қалып отырмыз.

Алла жарылқап, мәңгілік жайыңызды жұмақ бақшасынан бұйыртсын, асыл ана. Біз сізді дұғадан іздейміз, бағыштаған Құранымыз рухыңызға шапағатшы болғай.

Еске алушы балалары, немерелері

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 25725 | Тапсырыс №1075 | Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**